Ақылдасу Кеңесі Төрағаның қажетсіну немесе бір саяси партия Фракция жетекшілігінің талабы бойынша 24 сағаттың ішінде Төраға тарапынан жиналысқа шақырылады. Ақылдасу Кеңесі алғашқы шақыруда жиналмаса, бір ауыздан дауыс беріп белгілеу, ұсыныс немесе келісім жасалмаса, Төраға немесе саяси партия Фракциялары жеке жеке талаптарын тікелей Жалпы Отырысқа ұсыналады. Бұл жағдайда талап алғашқы отырыстың күн тәртібіндегі Төрағаның Жалпы Отырысқа ұсыныстары бөлімінде болады. Талап бойынша жағымды және қарсы екі депутаттың сөз сөйлегенінен кейін Жалпы Отырыс қол көтеру арқылы дауыс береді.

Е. КОМИТЕТТЕР

1. Комитет Турлері

Комитеттер- мамандықтары бойынша белгіленетін белгілі санда депутаттан тұратын Жалпы Отырыста талқыланатын мәтіндерді бабына келтіретін органдар. Заң ұсыныстары заң шығару тәртібінің алғашқы-асыл органы болған комитеттерде қажетті зерттеу мен талқылаулар жасалғаннан кейін Жалпы Отырыста келіссөз жүргізуге дайындалады.

Комитеттер Атазаң, регламент немесе заңмен құрылады. Комитеттер үзіліссіздігіне қарай уақытша және тұрақты комитеттер деген екі түрде болады. Тұрақты комитеттер кей кезде “мамандық комитеттері” деп аталады. Уақытша комитеттер болса мағлұмат алу мен тексеру мақсатымен белгілі бір уақытқа дейін құрылатын комитеттер.

Тұрақты комитеттердің бір бөлімі жалғыз заң шығарумен шұғылданады. Кей біреулерінің Бұл міндеттің сыртында кейбір ерекше билік мен міндеттері бар. Кейбір комитеттер болса заң ұсыныстарын тақылымай байланысты заңдармен өздеріне міндетті жұмыстарды орындайды.

Адам құқықтарын тексеру, Арыздану және Әйел мен Еркектің мүмкіндікте теңдік комитеттеріне жеке арыз айту мүмкін.



2. Комитет мүшелерінің сайлауы

Тұрақты Комитеттердің мүше саны саяси партия фракцияларының күштеріне қарай өкілеттік қамдалуына мүмкіншілік беретін түрде әр бір заң шығару кезеңінің басында Жалпы Отырыста белгіленеді. Бірақ Жоспар және Бюджет Комитетінің мүше саны Атазаңда 40, Мемлекеттік Экономикалық Кәсіпорындар Комитетінің саны калыптасу заңы бойынша 35 мүшеден тұрады.

Атазаң, регламент үкімдерінің саяси партия фракцияларының Мәжілістің бүткіл іс әрекеттеріне мүше саны пайызына қарай қатынасуын ұйымдастырылатынын бекіткен. Регламентте комиссиялардағы әр бір саяси партия фракцияларына түсетін мүше санының саяси партия фракцияларының партия фракциялары жалпы саны ішіндегі пайыздарына қарай есептелетінін белгілеген. Бұдан басқа кейбір комиссиялардың калыптасу заңдарында саяси партия фракцияларынан басқа дербес немесе фракция құралмаған саяси партия мүшесі депутаттардың да комиссияларда күштеріне қарай өкілеттік алулары қағидасын қабылдаған. Бұл мағынада комиссиялардағы мүше тағайындалуы ТҰҰМ Төрағасының белгілеуі мен Ақылдасу Кеңесінің ұсынысы арқылы Жалпы Отырыста қабыл алынады.

ТҰҰМ Төрағасы саяси партия фракцияларына әр бір комиссия үшін өздеріне түсетін мүшелік санын анықтап үміткерлердің тізімін белгілі бір уақыттың ішінде белгілеулерін бұйырады. Саяси партия фракцияларын депутаттарының мамандық салаларында байқай отырып комиссия мүшелерін белгілейді. Фракциялар белгілеген мүше тізімдері Жалпы Сессияда сайланады.

ТҰҰМ да фракция құралмаған саяси партия фракция мүшесі депутаттар мен дербес депутаттар күштеріне орай Жоспар және Бюджет Комиссиясы, Адам Құқықтарын Зерттеу Комитеті, Еуропа Одағы Келісушілік Комитеті, Мемлекеттік Экономикалық Кәсіпорындар Комитеті мен Әйел Адам Мүмкіндікте Теңдік Комитетіне мүше бола алады. Дербес депутаттар мен фракция құралмаған саяси партия фракция мүшесі депутаттарға түсетін мүшеліктер үшін анықтама жасалып үміткерлік үшін мүддет беріледі. Жалғыз бір үміткер болған кезде қол көтеру арқылы, бірден көп үміткер болған кезде бірлескен сайлау бюллетені арқылы сайланады.

Министрлар Кабинеті мен Басшылық Құрамы Мүшелері әш бір комиссияға, Жоспар және Бюджет Комиссиясы мен Арыздану Комиссия мүшелері басқа комиссияларға мүше болалмайды.

Мүше сайлаулары аяқталған комиссияларды Мәжіліс Төрағасы мүшесінің арасынан жетекші, жетекші

орынбасары, ділмары мен катшы мүшелерін сайлау үшін жиналысқа шақырады. Бул сайлау үшін комиссиянын мүше түгел санынын жартысынан бір артығымен жиналуы және жиналғандардын жартысынан бір артығынын дауыс беруі керек. Сайлау жасырын дауыс беру арқылы өткізіледі.

Комиссиялар үшін бір заң шығару кезенінде әкі сайлау өткізіледі. Заң шығару кезені басында сайланған комиссия мүшелерінің міндет мерзімі 2 жыл болып бул мерзімнің айағында сайлау қайталанады.




Ж. ҮКІМЕТТІҢ ФУНКЦИЯСЫ

Парламентарлық системаларда, іс жүзінде органынын бір бөлімі болған үкімет, парламенттің мүшелері ішінен шығады және парламентке жауапты болады. Мемлекетімізде де үкімет ТҰҰМ нан сенім білдіру алғаннан кейін жұмысқа бастайды. Үкімет және парламент парламентарлық система бойынша бірін біріне әртүрлі әсер етеді. Заң шығару кезеңінде үкімет дайындаған заң ұсыныстарының маңызды орны бар. Парламентарлық тексеру шараларымен үкімет ТҰҰМ ның тексерінде тұрады.

Жалпы Отырыс мен Комитеттердегі талқылауларда үкіметке көбінесе бір министр өкілдік етеді.

3. АППАРАТ

1. Аппарат схемасы



2. Аппарат қызметкерінің қызметке тағайындалу, деңгейдің көтерілуі шарты

ТҰҰМ аппараты Мәжіліс Төрағасына жауапты бөлімдерден тұрады. Бұл бөлімдерде істейтін менгерушілер мен өзге қызметкерлердің тағайындалу шарттары 1.12.2011 даталы 6253 нөмірлі * Түркия Ұлы Ұлттық Мәжілісі Аппарат Заңы*мен жөнделген.

Аппараттың ең жоғары менгерушісі Бас хатшы мен Бас хатшы орынбасарлары және ТҰҰМ Төраға васкеңесшілері ТҰҰМ Төраға Бас кеңесшілері және Төраға хатшысын тікелей, өзге қызметкерлерді болса Бас хатшының ұсынысы арқылы ТҰҰМ Төрағасы тағайындайды.

Бас хатшы мен Бас хатшы орынбасары болу үшін университеттің кем дегенде төрт жыл білім берген факультеттерін бітіріп шығу және үкіметтік немесе жеке меншік орындарында кем дегенде 12 жыл жұмыста болу шарты бар.

Бөлім менгерушілерінің университеттің кем дегенде төрт жыл білім берген факультеттерін бітіріп шығу және үкіметтік орындарда кем дегенде 12 жыл жұмыста болу шарты бар. Менгеруші орынбасарлары үшін төрт жыл білім берген факультеттерін бітіріп шығумен бірге әскери қызметте өткен мерзімді де қосып санағанда кем дегенде 10 жыл үкіметтік қызметте болу (магистрлер үшін 9 жыл) шарты бар.

Заң шығару мен Тексеру қызметімен міндетті Бас хатшы орынбасары, Заңдар мен Қарарлар, Бюджет, Стенограмма Қызметтері мен Зерттеу Қызметтері бөлімдерінде менгеруші немесе менгеруші орынбасарлары болғандар арасынан Заңдар мен Қарарлар, Бюджет, мен Зерттеу Қызметтері бөлімдерінің менгеруші немесе менгеруші орынбасарлары, аппаратта заң шығару expertі болғандардың арасынан Стенограмма Қызметтері Бөлімінің менгеруші немесе менгеруші орынбасарлары болса Стенограф болып қызмет еткендер арасынан тағайындалады.

Заңда айқындалған кейбір кадрлық штаттардан басқа ТҰҰМ аппаратына тағайындалатын Қызметкерлер ұйымдастырылатын емтиханды үлгілі тапсырғандардың арасынан таңдалады. Емтиханмен тағайындалатындарға арналған шарттар мен емтиханның әдісі Басшылар Құрамы шығаратын билікпен белгіленеді.

К. ТҰҰМ ҒИМАРАТТАРЫ ЖӘНЕ ЭКСКУРСИЯ

1. Бірінші Мәжіліс Ғимараты

Мәжілістің алғашқы отырысы өткізілген Анкарадағы Улус мөлтекауданындағы ғимараттың құрылысы 1915 жылы архитектор Хасип Мырза тарапынан бастаған. Ататүрктін 27 желтоқсан 1919 жылы Анкараға келуінен кейін құрылыстың Мәжіліс Ғимараты болуына қарар берілген. Ғимараттың Мәжіліс отырыстары үшін жөнделуі міндеті Бірінші кезең Бурса Депутаты Нежати Мырзаға берілген.

Азаттық Соғысының бүкіл әскери және саяси қарарлар алынған, мемлекеттің құрылуы мен республиканың жарияланған орны болған Бұл кішкентай ғимарат 18 қазан 1924 жылына дейін қолданылған. Бұл тарихи ғимарат Мәдениет министрлігінен 2009 жылы ТҰҰМ-ға өткізіліп, қазіргі таңда Азаттық Соғысы Мұражайы ретінде қызметте.



2. Екінші Мәжіліс Ғимараты

ТҰҰМ нын екінші ғимаратының құрылысын 1923 жылы архитектор Ведат (ТЕК) Мырза (1873-1942) бастаған. Қысқа уақытта бітірілген ғимарат 18 Қазан 1924 жылы қолданыла бастаған. Екінші Мәжіліс ғимараты біріншісінен 100 метрдей алыста, сол мөлтекауданда.



Республиканың алғашқы жылдарынан былай карай Түрік саяси тарихынын маңызды оқиғалары өткізілген екінші ғимарат 36 жыл қызметте болған. Бұл ғимарат та әзіргі таңда Республикалық Мұражай ретінде әлі тұр.

3. Қазіргі Мәжіліс Ғимараты

ТҰҰМ нын қазіргі таңға дейін жұмыс істеген үшінші ғимаратының архитекторы Анкарадағы көптеген Үкіметтік ғимараттың архитекторы проф. Клеменс Холзмайстер (1886-1983) болған. ТҰҰМ 11 қантар 1937 жылы шығарған бір заңмен, 21. -Ғасырдың архитекторлық әдісіне ұйқас және ескерткіш ретінде жаңа бір ғимараттың салынуы үшін архитекторлық конкурс ашуға қарар қабылданды. 14 проекция катысқан конкурс 28 Қантар 1938 жылы аяқталды Ататүрк те ұнатқан Клеменс Холзмайстердің проекциясын қолдану шешімі қабылданды. 26 Қазан 1939 ж кезеңнің Мәжіліс Төрағасы Абдулхалік Ренданың іргетасын салуымен ғимараттың қурылысы басталды. Ғимараттың салынуы кей кезде қаржылай жағдайдың қиындығы мен екінші дүние жүзілік соғыстың басталуы себебімен үзілістермен

жүргізілді. 1957 жылынан кейін құрылысы жеделдетілген жаңа Мәжіліс ғимараты 6 қаңтар 1961 жылы елге Қызмет ете бастады.

Мәжіліс ғимаратына оңда және солда Ататүрк Данғылы мен Дикмен Көшесіндегі екі үлкен есіктен кіруге болады.



4. Негізгі ғимарат пен Жалпы Отырыс Залы

475.521 шаршы шақырымдық бір жердегі Мәжіліс ғимаратының құрылыс қоныстандырылған бөлімі 19.372 шаршы шақырым. Қолданылған кейбір ішкі мекендермен бірге жалпы 56.775 шаршы шақырым. 5 қабат ғимараттың алдыңғы жағының ұзындығы 248 метр. ТҰҰМ ғимаратының архитекторлық сипаттамалары мен жалпы құрылымы Түркия Республикасының күші мен өлімсіздігінің белгісі болу үшін айбатты, мықты түрде жобаланған. Бүкіл мекендер монументал, теңгерімделген және үш Д сипатында жасалған. Ғимараттың нақ ортасында және жердің ең жоғары орнында үлкен жиналыс залдары болған сатылы және бағаналы есіктерімен негізгі құрылыс тұрады. Алдыңғы жақта бірі біріне параллель екі қатар боп екі жаққа созылған қанат пен Бұл қанаттарды бірлестірген көпірлер тұрады.

Негізгі ғимараттың алдыңғы жағында ортада Кадрлар Есігі, көпірлердің астында 1 және 2 нөмірлі, арт жақта болса 3 және 4 нөмірлі есіктер бар. Монументал сипатта болған Кадрлер Есігінен ішкі жақтағы Кадрлер Фойесіне 5 үлкен қола есіктен өтіледі. Бұл жерден екі ішкі бақшасы болған мәрмәр зал мен сатылы галереяға кіріледі. Жалпы Отырыс Залына ашылатын 27 есік бар.



Дерутаттардың кулиса мекендері болған галлереялардын төңіректеген ортадағы мекенде болса Жалпы Отырыс (Жиналыс) Залы тұрады. Мәжіліс ғимаратындағы ең үлкен өзгеріс Жалпы Отырыс (Жиналыс) Залының жаңалануы болды. 1995 жылы Басшылық Құрамы шешімі арқылы осы максатпен жоба жарысы ашылып жоба бойынша қазіргі модерн Жалпы Отырыс (Жиналыс) Залы салынған. Жалпы Отырыс (Жиналыс) Залының жаңа бейнесі Қызметке 1 Казан 1998 жылы кірді. Жиналыс Залында мүшелер үшін 578, қонақтар ложасында болса 933, жалпы 1511 орындық бар. Төраға мінберінен қарағанда солдағы бөлімде Ел Басытік, Кордипломатик, Әскери және Үкіметтік кадрлер үшін ложалар, Төраға мінберінің қарсы жағындағы бөлімде баспасөз ақпарат мүшелері мен бұрынғы депутаттар мен отбасыларына және азаматтарға арналған ложалар салынған.

5. Халықпен қатынас Ғимараттары



1978 жылы Анкара'ға шақырылған негізгі Ғимараттың архитекторы Проф. Холзmeister Халықпен Қатынас Ғимараттарының өзінің кеңесшілігінде жобаландырылу ақылын айтты. Аяғында дайындалған қажеттіліктер бағдарламасы бойынша Архитектор Зийа Пайзын, Архитектор Мухітін Гүрелі, Архитектор Бехруз Чініжі дайындайтын алдыңғы проектке фай шешім қабылданылуы мен Мәжіліс тексеріінде, автор архитектордың кеңесшілігінде құрылысы шешімі қабыл алынды. Үш проекттің тексерілуі арқылы Алтуғ-Бехруз Чініжі екеуінің проектін таңдалып, шартқа қол қойылып жұмысқа басталды. Дерутаттардың азаматтармен белсенді түрде кездесулері мен еркін жұмыс істеулері үшін асыл ғимараттың оңтүстік жағына төрт кабаттан алты комплекстен тұратын Халықпен Қатынастар құрылысы салынып, 25 Қаңтар 1984 жылы қызметке кірген. Бұл ғимаратта 550 депутаттың әр біреуіне бір бюро мен хатшы бөлмелерімен бірге басқару және Қызмет бөлімдері үшін кабинеттер салынған. Мүліктің жиыны 50.000 шаршыметр болған Халықпен Қатынастар Ғимаратының қолданылған алаңы 14.000 шаршыметр.

6. ТҰҰМ Ғимаратына Экскурсия

Түркия'ның кей бір қалаларынан немесе шет елден кыдвру үшін ТҰҰМ ға келетін топтардың экскурсия бағдарламаларымен байланысты жұмыстарды, ТҰҰМ Баспасөз ақпарат және Халықпен Қатынастар Менгерушілігі

гид және таныстыру бюросы аткарады. Қонақтардың экскурсия арыздары гид және таныстыру бюросына берілгеннен кейін бюродағы Қызметкерлер қонақтарға уағда береді. Экскурсия күні келгенде ТҰҰМ ға келген қонақтарды бюро Қызметкерлері ғимараттың есігінде қарсы алып, гид және таныстыру Қызметін орындайды.



а) Арыз Беру:

ТҰҰМ -ға экскурсияға келетін қонақтардың алдымен бюромен телефон арқылы уағда алулары сонымен бірге уағдаласқан күн-сағат жазылған арыздарын факс немесе поштамен бюроға жеткізулері қажет. Экскурсия талаптары ТҰҰМ әкімшілік басшысының мақұлдауымен тізімге алынады.

Экскурсия топтарының арыздарының депутаттар, ТҰҰМ Төрағалығы, Комитеттер мен достық топтары арқылы бюроға жеткізілу мүмкіншілігі бар.

ТҰҰМ ғимаратына жексенбі күнінен басқа әр күн экскурсия жасалуы мүмкін.

Экскурсияның Жалпы Отырыс жиналмаған күндерде сағат 10.00 – 16.00 арасында, Жалпы Отырыс жиналған күндері сағат 10.00-нан Жалпы Отырыстың басталуына 2 сағат калғаға дейін жасалуы мүмкін. Ақылдасу Кеңесі үкімімен

Жалпы Отырыстың күн мен сағатында өзгерістер болу мүмкін. Бұл өзгерістердің уағда берілген сағатпен айқасып калуы да мүмкін. Бұл жағдайда берілген экскурсия рұқсаттары жойылып қатысты кісілерді бюродағы қызметкерлер хабарландырады.


б) Жол Көрсету және Таныстыру Қызметтері:

Қонақтар алдымен Жалпы Отырыс Залындағы азаматтар ложасына кіргізіледі. Бұл жерде оларға Жалпы Отырыс Залы жөнінде мағлұматтар беріліп, Азаттық Соғысы, Мәжілістің ашылуы, Республиканың жариялануы мен Бұл мерзімде қызмет жүргізілген Мәжіліс ғимараттары жөнінде ақпарат беріледі. Қонақтардың сұрақтары жауапталғаннан кейін ложалар, бақшалар мен Ататүрік ескерткіші көрсетіліп қонақтарға патент, брошюра және таныстыру кітабы беріледі. ТҰҰМ экскурсиясы суретке түсірумен аяқталады.

Гид және Таныстыру Бюросы

Tel: + 312 420 68 87

Fax: + 312 420 69 25



II. МӘЖІЛІС ДЕПУТАТТАРЫ

А. ДЕПУТАТТЫҚ ЖӨНІНДЕ

1. Депутат сайлану және мүше аталу

Депутат болып сайланудың басты негіздері Атазаңның 76-бабында көзделген. Бұған сәйкес, “ жиырма бес жасқа толған әрбір Түрік азаматы Депутат болып сайлана алады. Кемінде орта білімі жоқ, іс-әрекетке қабілетсіз деп танылған, міндетті әскери Қызметін аткармаған, мемлекеттік Қызметтерді атқаруға қабілеттілігі шектеулі, абайсызда жасалған қылмыстарды қоспағанда бір жыл немесе одан да көп мерзімге бас бостандығынан айрылғандар мен ауыр түрмеге отырғызу жазасын алғандар, қызметтік өкілеттікті асыра пайдалану, қызмет өкілеттігін теріс пайдалану, пара алу, пара беру, ұрлық, қызметтік жалғандық жасау, алаяқтық, алдау немесе сенімге қиянат жасау жолымен мүліктік залал келтіру, жалған банкроттық секілді бет қызартарлық қылмыстар мен заңсыз көші-қонды ұйымдастыру, заңды кәсіпкерлік қызметке және коммерциялық сатып алуға кедергі жасау, мемлекеттік құпияларды жария ету, террористік актілерге қатысу және терроризмді насихаттау және шақыру секілді қылмыстардың біріне байланысты сотталған азаматтар, рақымшылық немесе кешірім жасау актісі негізінде қылмыстық жауаптылық пен жазадан босатылса да депутат болып сайлана алмайды. Депутаттыққа сайлану қабілеттілігін құрайтын негіздердің жоқтығы немесе жоқ екендігі кейіннен ортаға шыққан жағдайда мүшеліктен босатылады.

Жоғарғы Сайлау Кеңесінің 27.07.2007 мерзімді және 716 нөмірлі Қаулысына сәйкес, халық бостандығы, жалпыға бірдей сайлау негізінде дауыс беру тәртібі аяқталғаннан кейін жүзеге асырылады және бұдан кейін жасалатын барлық әрекеттердің толықтаушы және формалдық нысанда екендігі бекітілген.

2. Депутаттың өкілеттігінің тоқтатылуы

Депутаттың өкілеттігін тоқтататын жағдайлардың бір бөлігі ТҰҰМ шешіміне байланысты. Кейбір жағдайда ТҰҰМ шешімін керек қылмастан депутаттың өкілеттігі тоқтатылады. Оның үстіне сот шешімімен де депутаттың өкілеттігі тоқтатылуы мүмкін.

ТҰҰМ шешімі болмастан депутаттықтың аяқталуы

Өлім.

Заң шығару мерзімінің аяқталуы

Ел Басы сайлануы: Атазаңның 101. Бабы соңғы тармағына сәйкес сайланған Президенттің, партиясымен байланысы үзіледі және ТҰҰМ мүшелігі тоқтатылады.

Жергілікті Мемлекеттік басқару органдарына сайлануы: Жергілікті Мемлекеттік Басқару органдарына сайланған Депутат, Аумақтық Әкімшілік пен Мөлтекаудандық әкімшіліктері және маслихат Сайлауы жөніндегі Заңның 17-Бабына сәйкес 15 күннің ішінде таңдау қақынан пайдалануы керек. Ықыласын аумақтық әкімшілік органдары жөнінде білдірген Депутаттың депутаттығы еш бір амал керектірмей жойылған болады.

Азаматтығын жоғалту: Түркия Республикасы азаматтығын жоғалтқан бір Депутаттың Депутаттық атағы да аяқталады.

ТҰҰМ шешімімен Депутаттың өкілеттігін тоқтату

Отставка: Отставкаға кеткен Депутаттың депутаттығының аяқталуы ТҰҰМ Басшылық Құрамының отставканың формалдық нысанда болғанын анықтауынан кейін ТҰҰМ Жалпы Отырысында бекітіледі.

Мүшелікпен келіспеген қызметте болу: Атазаң 82- бапта анықталған Депутаттықпен келіспеген бір міндет немесе қызметті жүзеге асыруға қайсарлық еткен депутатының өкілеттігін тоқтатуға Атазаң мен Әділет Комитеттерінің Мүшелерінен тұратын бірлескен комитеттің Бұл жағдайды анықтаған баяндамасы бойынша Жалпы Отырыста жабық дауыс беру арқылы шешім қабылдайды.

Мәжіліс Отырыстарына келмеу: Мәжіліс Басшылық Құрамы Депутаттың Мәжіліс отырыстарында дәлелсіз себептермен немесе рұқсатсыз бір айдың ішінде үш реттен астам болмағанын анықтағанда, сол Депутаттың өкілеттігі Жалпы Отырыс мүше санының көпшілік даусымен (276) тоқтатылады.

Сот Шешімімен Депутаттың өкілеттілігін тоқтату

ТҰҰМ мүшелігіне сайлануға кедергі келтіретін бір қылмыстан үкім кесілген немесе шек қойылған депутат жөніндегі толықтырылған сот шешімінің, Жалпы Отырысқа мәлімделуімен өкілеттілік тоқтатылады.

3. Заң шығару жауапсыздығы мен ешкімнің тиіспеуі құқығы

Депутаттар жұмыстарымен байланысты заң шығару жауапсыздығы мен ешкімнің тиіспеуі құқығына ие.

Заң шығару жауапсыздығы Депутаттардың заң шығару мен тексеру жұмыстарымен байланысты және Мәжілісте

жариялаған пікірлері үшін Жалпы Отырыста басқа бір шешім қабылданғанша Бұл пікірлерді Мәжілістің сыртында қайталауынан жауапты болмайтынын анықтайды. Заң шығару жауапсыздығы анық және мерзімі шектелмеген. Депутат жұмыстан кетсе де қызметте жүрген кезіндегі дауыс, сөз мен пікірлері үшін жауапты емес. Жалғызак тәртіптегі жоғары сот түсініктері бойынша заң шығару жауапсыздығы репарация құқығы жөнінен карағанда жауапкершіліктен азат емес. Заң шығару жауапсыздығы , сайлаудан бұрын немесе кейін бір кылмыстан күнәлі делінген Депутаттың Мәжіліс шешімі болмастан ұстап алынуы, тергеуге тартылуы, тұтқындалуы мен сотқа түсірілмейтінін жариялайды. Заң шығару дербес құқықтылығының заң шығару жауапсыздығынан айрымы анық және мерзімі шектелмеген сипатының болмауы.

Бір Депутат жөнінде, сайлаудан бұрын немесе кейін берілген әкімшілік жазасы мүше сипаты біткеннен кейінге тасталады, ал мүшелік кезеңінде шектеушілік істемейді.

Сонымен бірге кейбір кылмыстар ешкімнің, тиіспеуі құқығына кірмейді. Ауыр түрмеге отырғызу жазасын керек қылған кылмыс кезінде ұсталу мен сайлаудан бұрын басталу шартымен Атазаңның 14- Бабына сәйкес жағдайларда заң шығару ешкімнің, тиіспеуі құқығына кірмейді бірақ бұл жағдайда лауазымды орында отырғандар оқиғаны дереу және тікелей ТҰҰМ ға хабарлауға міндетті.

Депутаттықтың аяқталуымен бірге ешкімнің тиіспеуі құқығы да аяқталады. Қайтадан сайланған Депутат жөнінде әкімшілік жазалау шараларын қолдану үшін Мәжілістің, сол депутатты ешкімнің тиіспеуі құқығынан айыруы керек.

4. Заң шығару кезеңінде ешкімнің тиіспеуі құқығымен байланысты заң жобаларының өту барысы

Депутат жөнінде айыптау актісі болған жағдайда сот органдары документті Әділет Министрлігіне өткізеді. Әділет Министрлігінен Премьер Министрлікке жіберілген документ ешкімнің тиіспеуі құқығынан айыру баянжазбасымен бірге Мәжіліс Басшылығына жіберіледі. Мәжіліс Басшылығы ешкімнің тиіспеуі құқығы документін Атазаң мен Әділет Комитеттерінің Мүшелерінен тұратын бірлескен Комитетке тапсырады.

Бірлескен Комитеттің өзарасында ұйымдастырылатын 5 мүшеден тұратын дайындық комитеті құрылған кезеңнен бастап бір айдың ішінде документті тексеріп анықтама дайындайды. Бірлескен комитеттің бір айдың ішінде дайындық комитетінің анықтамасын талқылап қорытынды жасауы керек. Бірлескен Комитет ешкімнің тиіспеуі құқығынан айыруға немесе айыптау актісінің Депутаттық мерзімінен кейінге қалдыру шешімін қабылдайды.

Бірлескен Комитет айыптау актісінің Депутаттық мерзімінен кейінге қалдыру шешімін қабылдағанда Бұл жөніндегі

анықтамасы Жалпы Отырыстың назарына ұсынылады. Депутаттардан Бұл анықтамаға 10 күннің ішінде қарсылық білдірілмесе, қабылданған болады, қарсылық білдірілген жағдайда анықтама Жалпы Отырыс күн тізбесіне алынады. Қарсылық білдірілмеген документтер Премьер-Министрлікке жіберіледі.

Ешкімнің тиіспеуі құқығынан айыру жөніндегі Бірлескен Комитет анықтамалары, тікелей Жалпы Отырыс күн тізбесіне енгізіледі. Жалпы Отырыс, анықтаманы қабылдап ешкімнің тиіспеуі құқығынан айыруды да қабылдай алады немесе анықтаманы жарамсыздандырып, айыптау актісінің мерзімнің аяқталуынан кейінге қалдыру шешімін қабыл алады.

Айыптау актісі кейінге қалтырылып осы шешім, Жалпы Отырыста жарамсыздандырылмаған болса заң шығару мерзімі өзгерген болса да Депутаттық сипаты жалғасқанынша ол кісімен байланысты айыптау актісі жасалмайды.

5. Депутаттың Мәжілістің отырысына дәлелсіз себептермен қатыспауы

Депутаттардың, мүшесі болған Комитеттер мен Жалпы Отырыс Жиналыстарына қатысуы шарт. Дәлелсіз себептермен қатыспау Депутаттықтың алып тасталу нәтижесін туғызады.

ТҰҰМ Төрағасы хат арқылы өтініш жасаған Депутатқа 10 күннен артық болмастан рұқсат беруге құқықты.

Депутаттар Мәжіліс отырыстарына дәлелсіз себептермен немесе рұқсатсыз түрде бір айдың ішінде бес сессия күні қатыспаса келмегендігін Басшылық Құрамы дәлелдеп Атазаң және Әділет Комитеттері Мүшелерінен тұратын Бірлескен Комитетке жіберіледі. Бірлескен Комитеттің анықтамасын талқылаған Жалпы Отырыс депутаттың өкілеттігін тоқтатуға мүше санының көпшілік саны (276) мен шешім қабылдай алады.


Комитет мүшелерінің Комитет Жиналыстарына қатысу кестесі ТҰҰМ Төрағалығына және саяси партия Фракция төрағалықтарына жіберіледі. Рұқсатсыз немесе дәлелді себептерсіз үш реттен артық немесе бір жылдың ішіндегі жиналыстардың үштен біріне қатыспаған Комитет мүшесі, өзі саяси партия Фракциясы тарапынан Комитеттегі жұмысынан босатылуы мүмкін.

Депутаттардың Жалпы Отырыс және Комитеттердің жұмысына қатысуларын көрсететін “ТҰҰМ Жалпы Отырыс және Комитеттер қатысу кестесі” 3 айда бір баспаханадан басылып мүшелерге жіберіледі. Бір депутат өзімен байланысты қатысу кестесіне кестені алған күннен бастап жеті күннің ішінде қарсылық көрсете алады. Қарсылықты Басшылық Құрамы тексереді.

III. ЗАҢ ЖОБАЛАРЫНЫҢ ӨТУ ТӘРТІБІ

A. ЗАҢ ЖОБАЛАРЫНЫҢ ӨТУ СУЛБАСЫ

ДЕПУТАТТЫҚ ЖӘНЕ ҮКІМЕТТІК ЗАҢ ЖОБАЛАРЫНЫҢ ЗАҢҒА АЙНАЛУ ТӘРТІБІ



Ә. ЖАЛПЫ ТҮСІНІКТЕР

1. ТҰҰМ'нің жалпы мүше саны

ТҰҰМ'нун жалпы мүше саны 550 депутаттан тұрады. Атазаң, Регламент мен заңдарда кейбір мәселелерде ұсыныс жасау, Жиналысқа шақыру немесе шешім қабылдау үшін жалпы мүше саны керек болғаны анықталған. Мисалы, ТҰҰМ'нің Жиналысының заңды болуы үшін қажетті сан мүше жалпы санының үштен бірі болған 184 депутаттан тұрады.

Мерзім ішінде өлім, отставка сыяқты себептермен мүше санында кемшілік болуы жалпы мүше санын өзгертпейді.

2. Заң шығару мерзімі

Заң шығару мерзімі екі Депутаттық жалпы сайлауы арасындағы 4 жылдан тұрады. Әйтсе де бұл мерзім толмастан кезектен тыс сайлаумен мерзімнің аяқталуы мүмкін болғанмен соғыс себебімен мерзімнің ұзартылуы да мүмкін. Сондықтан ТҰҰМ мүшелері 4 жылға сайланғанмен, заң шығару мерзімінің 4 жылдан аз немесе көп болуы мүмкін.

3. Заң шығару жылы

Заң шығару мерзімі заң шығару жылдарынан құралады Заң шығару жылы- күнтізбеден өзгеше болып, 1 Казанда бастап 30 Қыркүйекке аяқталатын мерзім. Жалғызак Депутат жалпы сайлауымен байланысты алғашқы заң шығару жылының бастауы мен соңғы заң шығару жылының аяқталуы басқа уақытта болуы мүмкін. Бұл жағдайда алғашқы заң шығару жылы Депутат жалпы сайлауы өткізілген уақыттан бастап 30 қыркүйекке, соңғы заң шығару жылы болса 1 Казаннан бастап, сайлаудың өткізілуіне дейін болады. Осыған қарағанда бір заң шығару мерзімі 4 күнтізбе жылынан тұратынымен бірге, 5 заң шығару жылы болуы мүмкін.

4. Демалыс және уақытша тоқтатылуы (үзіліс)

Демалыс ТҰҰМ'нің жұмыстарының белгілі бір уақытқа тоқтатылуы болады. ТҰҰМ әр жыл әдеттегідей 1 шілде күні 30 қыркүйекке дейін демалысқа кетеді. Жалғызак, Ақылдасу Кеңесінің ұсынысы бойынша Жалпы Отырыс демалысқа кетпей 1 шілдеден кейін де жұмысты жалғастыра беру шешімін қабылдай алады. Бір заң шығару жылы ішінде 3 айдан артық демалыс болмайды.

Үзіліс ТҰҰМ'нің демалыстан басқа 15 күннен аспайтындай жұмыстарын кейінге қалдыруы болады. ТҰҰМ-нің үзіліс шешімін қабылдауы, Кеңесінің Бұл жөндегі ұсынысының Жалпы Отырыста дауысқа салынып қабыл алынуымен жүзеге асырылады.

ТҰҰМ демалыс не үзілісте болғанда, Регламентте анықталған айналымдар істемейді; Жалпы Отырыс және Комитеттер қызметте болмайды. Жалғызак Мәжіліс Төрағасының ұсынысы бойынша Жалпы Отырыста рұқсат

берілген Комитеттер демалыс пен үзіліс мерзімінде жұмысын жалғастыра береді.

5. Кезектен тыс жиналыс

ТҰҰМ демалыс пен үзіліс мерзімінде белгілі бір мәселені талқылау үшін Ел Басы немесе Мәжіліс Төрағасының шақыруымен жиналады. Бұл Жиналыстар кезектен тыс жиналыс деп аталады. Ел Басы, Жиналыс шақыруын тікелей немесе Министрлер кабинетінің сұранысы бойынша жасайды. ТҰҰМ Төрағасы да тікелей жиналысқа шақыра алады немесе мүшелердің бестен бірі қол қойған пайымды ұсыныстағы шақыру талабын 7 күннің ішінде орындайды. ТҰҰМ, Ел Басы немесе Мәжіліс Төрағасы жасаған шақыруда белгіленген күн және сағатта жиналады.

Кезектен тыс Жиналыстың басталуы үшін сессияның ашылар кезінде жасалатын ашылу тексеруінде кем дегенде 184 Депутаттың Жалпы Отырыста дайын болуы қажет. Болмаған жағдайда шақыру қабылданбаған болады.

Әдеттен тыс Жиналыста сессия жеткілікті көпшілікпен ашылған жағдайда, Мәжіліс Төрағасы алдымен шақыру документін оқытады және Бұл жиналысты керек еткен мәселе талқыланады. Мәселе бойынша қажет удірістер орындалғаннан кейін ТҰҰМ жұмыстың жалғастыруы шешімін қабылдамағанда демалыс немесе үзіліс жалғаса береді.

6. Сессия және Отырыстар

Жалпы Отырыстың белгіленген күндегі жиналысы сессия деп аталады. Әрбір сессияның бір нөмірі болады. Мысалы Жалпы сайлаудан кейін жиналған ТҰҰМ нұн алғашқы жиналысы бірінші сессия, одан кейінгі жиналысы екінші сессия деп аталады. Сессия нөмірлері әр заң шығару жылында 1'ден басталады.

Жалпы Отырыс Жиналыстарында әр түрлі себептермен үзіліс болуы мүмкін. Бір сессияның үзіліспен бөлінген әр бір бөлігі отырыс деп аталады. Әр бір үзілістен кейін Жалпы Отырысты басқаратын Төрағасы ол сессияның қай отырысын ашып жатқанын мәлімдейді.

7. Жалпы Отырыстың заңдылығы мен Депутаттардың дербес тіркелуі

Жиналыс жеткілікті саны Жалпы Отырыс Жиналысының заңдылығы және тексеру өтініші болған жағдайда жұмыстың жүргізуі үшін дайын болу керек болған кем дегенде мүше саны. Бұл мүше жалпы санының үштен бірі болған 184.

Төраға сессияны ашқаннан кейін Жалпы Отырыста жеткілікті санда Депутаттың болғанына куә болса Депутаттардың дербес тіркелуін тексермей талқылауды бастатады. Бірақ кобалжұға түссе электрондық аппарат арқылы Депутаттардың дербес тіркелуін тексере алады. Тексеруде жиналыс жеткілікті саны болмағаны анықталса, сессияға көп дегенде бір сағат үзіліс

беріледі. Үзілістен кейінгі тексеруде де жиналыс жеткілікті саны болмаса, сессия жабылады.

Талқылаулар бастағаннан кейін де тексеру ұсынысы болу мүмкін. Талқылаулар кезінде тексеру болу үшін қол көтеру арқылы дауыс беруге өтпестен бұрын 20 Депутаттың тік тұруы немесе ұсыныс беруі арқылы сұраныс жасау керек.

8. Шешім қабылдау саны

Шешім қабылдау саны Жалпы Отырыста бір мәселеде шешім қабылдау үшін қажетті болған сан. Жалпы Отырыс жиналысқа қатысқандардың жалпы көпшілігінің атап айтқанда жартысынан бір артық дауыспен шешім қабылданады. Бірақ жалпы көпшілік саны еш қашанда мүше санының төрттен бірінен бір артық болған 139 дан кем бола алмайды. Мысалы, 200 депутат қатысқан бір жиналыста шешім қабылдануы үшін кем дегенде 139 Депутаттың қабыл немесе қарсы жөнінде дауыс беру керек. 120 қабыл, 80 қарсы шешімі болған бір дауыс беруде шешім қабылдау саны болған 139 болмағандықтан шешім қабылданбайды. Қатысқандардың саны 400 болған бір жиналыста шешім қабылдануы үшін 201 Депутаттың бір ауыздан дауыс беруы керек.

Шешім қабылдау үшін жеткілікті сан болмаған кезде дауыс беру қайталанады. Қайта-қайта орындалған үш дауыс беруде шешім қабылдау саны болмаса, сессия жабылады.

9. Келген құжаттар

Келген құжаттар тізімі, ТҰҰМ Төрағалығына ұсынылған Депутаттық және үкіметтік заң жобалары, үкіметтік баянжазбалар мен Комитет анықтамалары тағы сұрақ, жалпы талқылау, Мәжілістік зерттеу, Мәжілістік тексеру және депутаттық сауал ұсыныстарымен байланысты мәліметтер және қайсы деңгейде тұрғаны жөніндегі ақпарат жарияланған құжаттардан тұратын документ. Келген құжаттар тізімі демалыс күндерінен басқа да күні келгенде сенбі мен жексенбіден басқа күндердің бәрінде жарияланып, депутаттарға таратылады және ТҰҰМ интернет сайтына қойылады.

Келген құжаттар тізімінен Мәжіліс Басшылығына қай жұмыстардың келгені, Бұлардың қай Комитеттерге өткізілгені, қайсысының Жалпы Отырыс күн тізбесіне алынғанын ағымды түрде іздеу мүмкін.

10. Комитет баяндауы

Депутаттық және үкіметтік заң жобалары жөніндегі Комитет анықтамалары мен Мәжілістік зерттеу, Мәжілістік тексеру және тағы басқа Комитет анықтамалары, кезекпен нөмір беріліп жарияланады. Комитет анықтамалары жарияланғаннан кейін Бұл нөмірмен аталады. Комитет анықтама саны әр заң шығару мерзімінде бір ден бастайды.

Депутаттық және үкіметтік заң жобалары жөніндегі жарияланған Комитет анықтамаларында, Депутаттық және үкіметтік заң жобаларының себебі мен мәтіні, бар болса қосымша комитет анықтамасы, бірінші комитет анықтамасы, бар болса оппозиция ұғындыруы және комитет қабылдаған мәтін болады.

Мәжілістік зерттеу Мәжілістік тексеру Комитеттері жөніндегі жарияланған комитет анықтамаларында, комитеттің құрылымы жөніндегі ұсыныстар, комитет анықтамасы, бар болса оппозиция ұғындыруы және комитет қабылдаған мәтін болады.

Комитет анықтамалары, ТҰҰМ интернет сайтында жарияланады және депутаттарға таратылады.

11. Жабық Отырыс

Жалпы Отырыста депутаттар, Министрлер, Ел Басы және ант берген Қызметкерлерден басқа ешкім кіралмайтын жасырын Жиналыс Жабық Отырыс деп аталады.

Жабық Отырыс, Премьердің, бір министрдің, бір саяси партия Фракциясының немесе 20 Депутаттың жазбаша түрде ұсынысымен жиналады. Жабық Отырыс ұсынысы берілгенде, Жабық Отырысқа қатысатындардан басқа бүкіл кісілер Жалпы Отырыс Залынан сыртқа шығарылады. Зал босатылғаннан кейін Жабық Отырыстың ұсынысының сәбебі оқытылады.

Бұл сәбептің мәлімдемесін Премьер немесе бір министр, саяси партия Фракциясының өкілі, ұсыныстағы бірінші орында қол қойған Депутат немесе ол көрсеткен басқа бір қол қойған Депутат жасайды. Бұдан кейін жабық отырыс жүргізіліп жүргізілмейтіні қол көтеру арқылы дауысқа салынады.

Жабық Отырыс кезіндегі талқылаулар жөнінде, отырысқа қатыскандар мен қатысу хақы болғандар ешқашан да декларация жасай алмайды. Бұлар мемлекеттік сыр болып сақталып қалады.

Жабық Отырысты керек қылған сәбеп жойылғанда Төраға ашық отырысқа өтуді ұсынады, сонымен Жалпы Отырыс қол көтеру арқылы шешім қабылдайды. Жабық Отырыс стенограммалары мен жиынтығының жариялануына, Ақылдасу Кеңесінің ұсынысымен Жалпы Отырыста қол көтеру арқылы рұқсат беріледі.

Комитеттерде жабық отырыс жасалуын қатысты министр немесе комитет мүшелерінің үштен бірі талап ете алады. Жабық отырыста Комитет мүшелері мен Министрлерден басқасы болмайды.

12. Жарамсыздандыру

Бір заң шығару мерзімі ішінде қарар алынбаған Депутаттық және үкіметтік заң жобалары, жазбаша немесе ауызша сұрақ ұсыныстары мен Мәжілістік зерттеу, жалпы талқылау мен Депутаттық сауал ұсыныстары мезгіл аяқталғанда жарамсыз деп саналады. Жарамсызданған Депутаттық және үкіметтік заң жобаларын кейінгі заң шығару мерзімінде Үкімет немесе депутаттар қайталай алады.

Ел Басы қабылдамай қайтарған заңдар Заң күшінде үкімдер мен мемлекеттік есепшот баянжазбалары сыяқты жарамсыз саналмайтын жұмыстар болса жаңа заң шығару мерзімінде Комитеттерге қайтадан жіберіледі.

Б. ЗАҢНАМАЛЫҚ АКТІНІҢ ЖОБАСЫН ЕНГІЗУ ӨКІЛЕТТІГІ

1. Заң

Заң түсінігін пішіні мен материалдық жағынын анықтауға мүмкін. Пішіні жөнінен заң ТҰҰМ нуң тәсіліне лайықты қабылдалған заң шығару қызметі. Нақтылығы жөнінен заң, жалпы, объективті және жеке адамның сыртында қағидалардың бүтіні қалыпында анықталады.

2. Заңнамалық актінің жобасын енгізу өкілеттігі, Үкіметтік және депутаттық заң жобалары

Заңнамалық актіні енгізуге Депутаттар мен Министрлер Кабинеті құқықты. Депутаттардың ұсынған заң актісі Депутаттық заң жобасы деп аталады. Депутаттық заң жобасы бір немесе тағы көп Депутаттың қол коюымен ұсынылады. Министрлер Кабинеті жіберген заңнамалық актілер болса Үкіметтік заң жобасы деп аталады. Премьермен бірге бүткіл Министрлердің қол коюы шарт.

Депутаттық және үкіметтік заң жобалары Мәжіліс Басшылығына ұсынылады. Депутаттық заң жобалары (1/...) және Үкіметтік заң жобалары (2/...) деп негізгі нөмір беріледі.

3. Үкіметтік және депутаттық заң жобаларының шарттары

Депутаттық және үкіметтік заң жобаларының дайындалуымен байланысты регламенттегі шарттар:

• **Қолтаңба:** Үкіметтік заң жобаларында Министрлер Кабинетінің бүкіл мүшелерінің, Депутаттық заң жобаларында болса кемінде бір Депутаттың қолтаңбасы болуы керек. ТҰҰМ Басшылығына арнайы жазылған ұсыныс парағында үкіметтік заң жобаларында Премьердің, Депутаттық заң жобаларында болса ұсыныс иесі/иелерінің қолтаңбасы тұрады. Үкіметтік заң жобаларында Министрлер кабинеті мүшелерінің қолтаңбалары заң жобасының соңында тұрады.

• **Түсінік:** Депутаттық және үкіметтік заң жобалары түсінігімен бірге ұсынылады. Жалпы түсінікте депутаттық және үкіметтік заң жобасының дайындалуын керек кылған жалпы сәбептер анықталып, баптардың түсінігінде әр бір баптың дайындалу сәбептері, жойылуы, өзгертілуі немесе қосылуы талап етілген қорытындылардың не болғаны немесе жою, өзгерту немесе қосылу сәбептері айқын жарияланады. Бап сәбептері, әр бір бап үшін жеке жеке дайындалады.


• **Депутаттық және үкіметтік заң жобасы Мәтіні:** Депутаттық және үкіметтік заң жобаларының мәтіндері баптардан тұратын сонымен бірге қабыл алынған жағдайда заңның мәтіні болатын бөлім бола тура түсініктен кейін жазылады. Мәтін тақырыбын айқындайтын бір аталымның астына жазылады

• **Сапасыз және зиянды айтылым болмауы:** Депутаттық және үкіметтік заң жобаларының Сапасыз және зиянды айтылым болмауы керек.

• **Қабылданбаған Депутаттық және үкіметтік заң жобаларының жаңадан беріле алмайтындығы:** Жалпы Отырыста қабылданбаған Депутаттық және үкіметтік заң жобалары, қабылданбаған уақыттан дәл бір жыл өтпестен сол заң шығару мерзімінде қайтадан ұсынылмайды.

Депутаттық және үкіметтік заң жобаларында қолтаңба болған ұсыныс парағы, түсінік пен мәтін бөлімдері жеке беттерде орналастырылады. Депутаттық заң жобалары Заңнама дайындау әдіс пен негіздері жөніндегі регламент үкімдеріне қарай әзірленіп, ТҰҰМ Басшылығына ұсынылады.

Депутаттық және үкіметтік заң жобаларында болуы қажет бөлімдер төмендегідей:



В. КОМИТЕТЛЕРДЕ ТАЛҚЫЛАНУ

1. Негізгі және қосалқы комитет

Депутаттық және үкіметтік заң жобаларын тексеретін комитеттер негізгі және қосалқы комитет деген екі группаға бөлінеді. Анықтамасы мен мәтіні Жалпы Отырыс талқылауларына басты құжат саналған комитет негізгі комитет, оған пікір білдірген комитет/комитеттер қосалқы комитет деп аталады. Депутаттық және үкіметтік заң жобалары байланысына қарай бірден көп комитетке қосалқы түрде жіберілсе де негізгі комитет ретінде жалғыз бір комитетке ғана жіберіледі.

Негізгі Комитеттің депутаттық және үкіметтік заң жобаларын тұтастай талқылауы қажет. Қосалқы комитеттер қай салада немесе қай баптар жөнінде пікір жариялайтындары жолдамада айтылмаса депутаттық және үкіметтік заң жобаларының өздерімен байланысты салада немесе баптары жөнінде пікір жариялайды.

2. Үкіметтік және депутаттық Заң жобаларының комитетке жіберілуі

Депутаттық және үкіметтік заң жобаларының қай комитеттерде талқыланатыны, негізгі және қосалқы комитеттердің қайсысы болатынын Мәжіліс Басшылығы белгілейді. Негізгі және қосалқы комитеттерге жобалар бірге жолданады. Басшылық жіберуді Депутаттық және үкіметтік заң жобаларының тақырыбы, мақсаты мен мазмұнын еске ала отырып комитеттердің міндет саласына қарай, заңнама мен үлгіге қарай жүргізеді. Қосалқы комитетке жіберілген бір мәселенің қорытындысы 10 күннің ішінде дайындалады. Басшылық құрамы бұл мерзімді қыстарта алады немесе комитеттің талабы бойынша уақытты көп дегенде 10 күнге жейін созолады.

Қосалқы комитеттердің мерзімінде қорытынды жасамауы негізгі комитеттің анықтамасын даярлауына кедергі емес.

3. Комитеттерді жұмысқа шақыру және жұмыс күнтізбесі

Комитеттер ТҰҰМ Басшылығынан өздеріне жіберілген жұмыстарды орындау үшін Комитет Басшысы тарапынан тікелей немесе комитет мүшелерінің үштен бірінің талабы бойынша жиналысқа шақырылады. Комитеттер Басшының шақыруын алғанда басшы белгілейтін күнтізбесін де алады. Бірақ комитет күнтізбесіне ие. Мүшелер тарапынан күнтізбесіне алынуы ұсынылған жұмыстарға комитет өзі шешім қабылдайды.

Жиналыс шақыруы мен күнтізбесі Комитет мүшелеріне, Премьерге, Министрлерге, Саяси Партия Фракциялары мен байланысты тағы басқа комитеттердің Басшылығына

және ұсыныстары күнтізбесіне кірген заң ұсынысы иесі Депутаттардан бірінші кезекте қол танбасы болған депутатқа жіберіледі тағы да электрондық құлақтандыру тақтасы мен ТҰҰМ интернет сайтында жарияланады.

Комитеттерге жіберілген мәселелердің талқылануы үшін белгілі мерзімдер болады. Қауырт бір жағдай болмаған кезде комитет жиналысы үшін шақыру кем дегенде екі күн бұрыннан жасалады.

Комитеттерге жіберілген мәселенің талқылануына жіберілу уақытынан бастап 48 сағаттың ішінде бастау мүмкін. Комитетке жіберілген құжат Комитет Басшылығы апатты түрде немесе комитет мүшелерінен бесеу жазбаша талап етсе, басылып комитет мүшелеріне таратылады. Бұл жағдайда айтылған мерзім таратылудан кейін бастайды. Ақылдасу Кеңесінің нұсқауына қарай немесе бір депутаттық және үкіметтік заң жобасының барлығы немесе белгілі баптарының комитетке қайтарылуы, не қайта алынуы жағдайында айтылған мерзімнің істетілмеуі мүмкін.

4. Комитеттерде үкіметтің өкілдігі

Комитет Жиналыстарына Үкіметтің өкілі болып Премьер немесе бір Министрдің қатысуы мүмкін. Премьер немесе Министр керек болған кезде өз орнына жоғары мәртебелі бір үкімет қызметкеріне жазбаша түрде өкілеттілік бере алады.

Үкімет өкілі болмаған кезде Комитеттің, жиналысты жүргізе беруге де, мәселенің талқылануын бір рет үшін кейінге қалдыруға да құқықты. Өкілдің болмауымен байланысты кейінге қалдыру шешімі қабылданса, Бұл жағдай қатысты министрлікке хабарландырылып келесі жиналыста өкілдің дайын болуы талап етіледі. Бұл жиналыста да өкіл болмаса, өкіл болмаса да талқылаулар жүргізіледі.

5. Комитеттерде қарау мезгілі

Комитетке жіберілген Депутаттық және үкіметтік заң жобасының талқылануына жіберілуден кем дегенде 48 сағат кейін бастау мүмкін. Жұмыстың 48 сағаттан бұрын бастауы үшін Ақылдасу Кеңесінің пікірін алу шарт.

Депутаттық және үкіметтік заң жобалары комитеттерге жіберілген күннен бастап ең көп дегенде 45 күннің ішінде шешім қабылдануы керек. Бұл мерзімде талқыланбаған үкіметтік заң жобасы үшін Үкімет, Депутаттық заң жобасы үшін қол таңбасы болғандар ТҰҰМ Басшылығына бір арыз хатпен заң жобасының тікелей Жалпы Отырыс күнтізбесіне алынуы өтінішін ұсына алады. Бұл ұсыныстар Жалпы Отырыс күнтізбесінің Басшылықтың Жалпы Отырысқа ұсыныстары бөлімінде тұрады. Жалпы Отырыстағы талқылауларда Комитет, Үкімет, ұсыныс иесі мен бір депутат 5 минуттан аспайтын сөз сөйлеуі мүмкін. Талқылаулардан

кейін мәселенің Жалпы Отырыстың күнтізбесіне алынуы қол көтеру арқылы дауысқа салынады. Жалпы Отырыста Үкіметтің немесе ұсыныс иесінің талабы қабыл алынса, айтылған заң жобалары комитетте талқыланбастан тікелей Жалпы Отырыс күнтізбесіне енгізіледі.

6. Комитет отырыстарына қатысу

Комитет Жиналысы Комитет мүшелерінен басқа бүкіл депутаттарға, Министрлер Кабинеті мүшелеріне және Үкімет өкілдеріне ашық болады. Комитет Жиналыстарына Бұлардан басқа Комитет Басшысы шақырған байланысы бар мемлекеттік органдар мен азаматтық қоғамдардың өкілдері және пікір баяндайтын мамандар Қатынаса алады.

ТҰҰМ заң шығару мамандары да Комитет Жиналыстарына қатынасып, заңдық немесе техникалық көмек береді.

7. Комитет отырыстарында сөз алу

Комитеттерде талаптың кезегіне қарай сөз сөйлеу рұқсаты беріледі. Комитет Басшысы мен Комитеттегі Үкімет Өкілі кезектен тыс сөз сөйлеуге құқықты. Комитет шақырған мамандарға комитет Басшысы керек болған кезде сөз сөйлеу рұқсаты береді.

Комитет мүшесі емес депутат Комитетте сөз сөйлей алады; бірақ дауыс бере алмайды және өзгеріс ұсынысы жасайалмайды. Депутаттар мүшесі емес бір Комитеттің құжаттарын көріп, оқй алады.

8. Заң жобасы және ұсыныстарының комитеттерде каралуы

Комитеттің күн тәртібіне алынған бір заң жобасы немесе ұсынысының алдымен толық қалпына талқылау ашылады. Талқылаудан кейін жоба немесе ұсыныстың баптарына өту дауысқа салынады. Баптарға өтілуі қабылданбаған жобалар мен ұсыныстар қабылданбаған болып есептеледі. Баптарға өту қабылданған жоба немесе ұсыныстардың әрбір бабы жеке-жеке қаралады. Бір бпақа орай баяндамалар жасалып, өзгеріс ұсыныстары тіркелгеннен кейін сол бап дауысқа салынады. Қабылданбаған баптар жоба мәтінінен шығарылады. Барлық баптардың талқылануы және дауысқа салулары аяқталғаннан кейін жоба немесе ұсыныс толық қалпымен дауысқа салынады.

Комитеттер жоба немесе ұсыныстарды сол қалпында немесе өзгертіп қабылдайды немесе қабылдамайды. Комитеттерде әрбір бапқа орай комитет мүшелері тарапынан берілген өзгеріс ұсыныстарының қабылдануымен жоба мен ұнысы мәтіндері өзгереді. Комитеттерде өзгеріс ұнысысы беру және дауыс қолдану хақы тек сол комитеттің мүшелеріне тиесілі.

9. Комитеттерде өзгеріс ұсыныстарының дайындалуы

Өзгеріс ұсыныстарына байланысты комитет төрағалығына жазылған бір арыз түрінде дайындалады. Ұсыныстың комитет мүшелерінің арасынан кемінде біреуі тарапынан қол қойылған болуы керек. Ұсыныста айырықша талап етілген өзгерістің себебі де көрсетілуі тиіс.

Бір ұсыныспен тек бір бапта өзгеріс енгізілуі ұсыныс етіле алады. Ұсыныстарда бір баптың мәтіннен шығарылуы, толығымен немесе ішінара өзгертілуі және мәтінге қосымша немесе уақытша бап қосылуы сұралуы мүмкін.

10. Комитеттердің жиналыс және шешім үшін жеткілікті мүше саны

Комитеттердің жиналысқа жеткілікті мүше саны барлық мүше санының үштен бірі болып табылады. Мысалы 26 мүшелі бір комитеттің жиналуы үшін кемінде тоғыз мүшесінің дайын болуы керек. Комитеттер жиналысқа қатысқандардың көпшілігімен шешім қабылдайды. Мысалы 9 мүшемен жиналған бір комитет кемінде 5 мүшесінің бірдей дауыс қолдануы жағдайында шешім қабылдайды. Алайда жиналысқа қатысқан мүше саны артқан сайын шешім қабылдануы үшін қажетті сан да көтеріле түселі. 20 мүше қатысқан бір жиналыста шешім қабылдау үшін кемінде 11 мүшенің бірдей дауыс қолдануы керек.

Алайда МЭК комитеті, Адам хақтарын бақылау комитеті, Еуроодақпен үйлесімділік комитеті мен Гендерлік теңдік комитетінде шешімге жеткілікті сан үшін жиналысқа қатысқандардың көпшілігімен бірге осы санның комитет толық мүше санының төрттен бірінен бір артығынан аз болмайтынын қатысты заңдарда көзделген.

11. Комитеттерде төменгі комитеттердің құрылуы

Комитеттер талқыланған заң жобасы және ұсыныстарының ауқымды және таласты болуы немесе егжей-тегжейлі талқылануы қажетті жағдайларда төменгі комитет құра алады. Төменгі комитеттер жоба және ұсыныстардың толықтырылуы бағытында егжей-тегжейлі және техникалық жұмыс жасалуына және келісілген мәтіннің дайындалуына іргетас қалыптастырады. Төменгі комитет жұмыстарында мамандандырылған комитеттерде жүргізілген Атазаң және Жарғы үкімдері мен әдістемелері іске қосылады. Комитеттер жалпы төменгі комитет қабылдаған рапорт және мәтін арқылы жұмыстарын жалғастырады.

12. Комитет рапорттарының ауқымы

Комитеттер шешім берілген істер үшін бір-бір рапорт жазады. Комитет талқыланған іске байланысты қабыл немесе қарсы бағытта екі түрлі шешім бере алады. Екі жағдайда да рапорт жазуға мәжбүр. Жарғыда рапорттардың төраға немесе комитеттің мәлімдемешісі немесе сол іс үшін сайланған арнайы мәлімдемеші тарапынан жазылатыны көзделген. Комитетте міндетті заң шығару мамандары комитет рапорттарының дайындалуына үлес қосады. Дайындалған комитет рапорттары Мәжіліс төрағалығына ұсынылады.

Рапорттарға тақырыпқа байланысты соңғы дауысқа салуға қатысқан комитет мүшелері қолтаңба қояды. Бұдан бұрынғы жиналыстарға қатысып, жоба немесе ұсыныстың толық қалпының соңғы дауысқа салынуына қатыса алмаған комитет мүшелері болатын болса, себебімен бірге қарсы шыққан жерлерін жазып, рапортқа қол қояды. Бұл жағдайдағы мүшелердің соңғы жиналысқа қатыса алмағандары білдіріледі. Комитет рапортында қолтаңбасы бар комитет мүшесі басқа комитеттерде және Жалпы Отырыста қалыс немесе қарсы екенін рапорт мәтініне жазған тақырыптардан басқа мәлімдемешіге сұрақ қоя алмайды және комитет рапортына қарсы баяндама жасай алмайды.


Комитет рапорты екі бөлімнен тұрады: Бірінші бөлім болып табылатын рапорт бөлімінде жоба немесе ұсыныс жөнінде комитетте айтылған көзқарастар, комитет жасаған өзгерістер және себептері, соңғы дауысқа салуда мүшелердің қай бағытта дауыс қолданғандары сынды тақырыптар орын алады. Айырықша комитет рапортына қарсы шыққан мүшелердің қарсы шыққандары да орын алады.

Рапорттың екінші бөлімін жоба немесе ұсыныс мәтні мен комитет қабылдаған мәтін қалыптастырады. Комитетт баптарда ешқандай өзгеріс жасамаған болса, мәтінде баптың тек сол қалпында қабылданғаны айтылады. Өзгеріс жасалған баптар болса өзгертілген қалпымен қайтадан жазылады.

Комитет рапорттары бастырылып, депутаттарға таратылады. ТҰҰМ интернет парақшасында жарияланады. Басылған комитет рапорты айырықша Жалпы Отырыста талқылана басталған алғашқы отырыстың актіне қосылады.

Бірден көп жоба немесе ұсыныс бірлестірілген жағдайда, бұлар да басылған комитет рапортында орын алады. Басылған комитет рапортының аяғында комитет қабылдаған мәтін мен талқылауларда негізге алынған жоба немесе ұсыныс мәтні салыстырылмалы түрде беріледі. Жалпы Отырыста талқылау комитет қабылдаған мәтінге орай жасалады.

Комитеттің басылған рапортында төмендегі бөлімдер орын алады:



* Комитеттің басылған рапортының аяғында комитет қабылдаған мәтін мен талқылауда негізге алынған жоба немесе ұсыныс мәтіні салыстырмалы түрде орын алады.

13. Заң жобасы және ұсыныстарының комитеттерде қайтадан талқылануы

Комитеттер бір күн тәртібіндегі тақырыптың талқылануы аяқталмастан бұрын сол тақырыпқа байланысты белгілі бір жайттың қайтадан қаралуын қатысып отырған мүшелердің көпшілігінің дауысымен ұйғара алады.

Комитеттер белгілі бір күн тәртібі тақырыбының талқылануы аяқталғаннан кейін сол тақырыпты комитет рапорты Мәжіліс төрағалығына берілместен бұрын комитет мүшелерінің көпшілігінің себепті және жазбаша талабына орай бір мәрте комитетте қайтадан қарауына болады.

Рапорты Мәжіліс төрағалығына ұсынылған және Жалпы Отырыс күн тәртібіне кірген заң жобасы немесе ұсынысы тек негізгі комитет немесе үкімет тарапынан талап етілген жағдайда ғана комитетте қайтадан қаралады.

Е. ЖАЛПЫ ОТЫРЫСТА ТАЛҚЫЛАУ

1. Заң жобасы және ұсыныстарының Жалпы Отырыстың күн тәртібіне алынуы

Заң жобасы мен ұсыныстары жіберілген негізгі комитет тарапынан талқыланғаннан кейін бір рапортқа қосылып, Мәжіліс төрағалығына ұсынылады. Бір нөмір беріліп, бастырылған комитет рапорттары осы сатыдан кейін осы нөмірмен аталады. Комитет рапорттары саяси партия топтарына, комитеттерге және депутаттарға таратылады, келген құжаттар тізімінде және ТҰҰМ интернет парақшасында жарияланады. Комитет рапортының Жалпы Отырыс күн тәртібіне алынуы үшін таратылғаннан бастап 48 сағат өтуі керек. Осы мерзім өткеннен кейін аталмыш рапорт Жалпы Отырыстың күн тәртібінің «Заң жобасы және ұсыныстары мен Комитеттерден келген басқа да істер» бөлімінің соңғы кезегіне алынады. Алайда Ақылдасу кеңесінің ұсынысы бойынша Жалпы Отырыс шешімімен осы мерзім өтпестен рапорттың Жалпы Отырыс күн тәртібіне алынуы және осы бөлімдегі комитет рапорттарының кезегінің өзгертілуі мүмкін.

2. Комитет рапортының талқылана бастауы

Заң жобасы немесе ұсыныстарына орай талқылау басталуы үшін Жалпы Отырыста негізгі комитет пен Үкіметтің болуы керек. Төраға алдымен қатысты негізгі комитет пен Үкіметтің қатысып қатыспағанын сұрайды. Комитеттер Жалпы Отырыста төраға және төраға уәкілі немесе сол тақырып үшін сайланған арнайы мәлімдемеші немесе мәлімдемешілер тарапынан өкілдік етіледі. Негізгі комитет дайын болмаса, сол істің талқылауы басталмайды. Негізгі комитет болса, бірақ үкімет дайын болмаса, сол тақырыптың талқылануы бір мәрте кешіктіріледі. Келесі отырыста негізгі комитет дайын болса, Үкіметті күтпей-ақ талқылау басталады. Үкіметі атынан кезкелген бір министрдің қатысуы талқылауды бастау үшін жеткілікті. Алайда рапортқа орай сұрақ-жауап болатындықтан және ұсыныстарға байланысты көзқарас сұралатындықтан жалпы жоба немесе ұсыныстардың талқылануында отырысқа жалпы қатысты министрлер келеді.

Комитет өкілі комитет мәтінінің өзгертілуін сұраған ұсыныстарының кері қайтарылуын немесе комитетке қайтарылуын талап ете алады. Осы ұсыныстарға қосылуы үшін жиналыстың жеткілікті санын қамдайтын комитет мүшесі санының болуы және болымды көзқарас білдіруі керек.

Үкімет және комитет өкілдері комитет рапортының талқылануы барысында Жалпы Отырыста комитет орындықтарында бірге отырады. Комитет орындықтарында айырықша қатысты министрлік басшылары да орын алады және әсіресе сұрақ-жауап бөлімдерінде үкімет өкілі министрге көмек береді.

Жабық отырыс шешімі алынбайынша талқылаулар ТҰҰМ Телеарнасынан және ТҰҰМ интернет парақшасынан тікелей жарияланады.

3. Заң жобасы және ұсыныстардың Жалпы

Отырыста талқылану процесі

Жалпы Отырыста заң жобасы және ұсыныстарына байланысты талқылаулар, баяндамалар, сұрақ-жауаптар, ұсыныс және дауысқа салулар түрінде төрт негізгі бөлімнен тұрады.

Талқылана бастаған жоба немесе ұсыныстың толық күйіне талқылау процесі ашылады. Толық қалпына үкімет, комитет, саяси партия топтарының өкілдері 20 және жеке басына атынан екі депутат 10 минуттан сөз сөйлей алады. 20 минут сұрақ-жауаптан кейін заң немесе ұсыныстың баптарына өтілу дауысқа салынады. Баптарына өтуге қарсы шығылған жоба немесе ұсыныстар кері қайтарылған деп есептеледі.

Жоба немесе ұсыныстың баптарына өту қабылданған жағдайда, баптарға орай талқылау басталады. Әрбір бапқа орай үкімет, комитет, саяси партия топтарының өкілдері 10 минуттан және жеке басына екі депутат 5 минуттан сөз сөйлеуіне болады. Баптарға орай сұрақ-жауап 10 минут болады. Сұрақ-жауаптан кейін бапқа орай ұсыныс жасалады. Әрбір бап бөлек-бөлек дауысқа салынады.

Жоба немесе ұсыныстың барлығы және баптарына орай сұрақ-жауаптан бұрын талқылаудың жалғасуына байланысты ұсыныс беріліп және Жалпы Отырыс тарапынан қабылданған болса, саяси партия топтарына және депутаттарға екінші мәрте сөз сөйлеу хақы туындайды. Бұл жағдайда баяндама мерзімі алғашқы баяндаманың мерзімінің жартысына тең болады.

Жоба немесе ұсыныстың барлығының дауысқа салынуынан бұрын қалаған жағдайда даусының түрін жариялау үшін қарсы және қабыл беретін бір-бір депутатқа қысқа сөз сөйлеу мүмкіндігі беріледі. Осы баяндамалардан кейін жоба немесе ұсыныстың барлығы дауысқа салынады. Қабылданған жоба немесе ұсыныстар заңға айналды деп есептеледі.



Заң жобасы және ұсыныстарының Жалпы Отырыста талқылану процесі

4. Сөз талабы және баяндама кезегі

Сөз талабы мәжіліс төрағалығына арнап жазылған бір арыз арқылы сұралады. Өтініште сөз талап етілген заң жобасы немесе ұсыныстың коамитет рапортының нөмірімен бірге сөз талабының істің толық қалпына, қай бабы немесе даусының түрі айтылу үшін қарсы/қабыл екені анық жазылады.

Талқылауда саяси партия топ өкілдеріне және жеке өз аттарынан 2 депутатқа талабына орай сөз кезегі беріледі. Саяси партия топтарынан бұрын жеке басы атынан баяндама жасалмайды. Жеке өз аттарынан сөз талабы үшін жасалған өтініштер екіден көп болған және бірдей уақытта болған жағдайда, жеребе тартылады.

Күн тәртібіндегі немесе белгілі бір күні талқыланатын Конституция, заң немесе регламентке орай белгілі

тақырыптардан басқа хатшы мүшелер сөз талаптарын тіркей алмайды. Іс жүзінде заң жобасы немесе ұсыныстар үшін сөз талаптары сол іске тиісті басылған комитет рапорттары таратылғаннан кезден бастап Заңдар және шешімдер төрағалығы тарапынан қабылданады.

Бір депутат сөз кезегін басқа бір депутатқа бере алады.

Үкіметке және негізгі комитетке сөз кезегін алуда жеңілдік беріледі. Алдыңғы сөз кезегі жеңілдігі негізгі комитетке, екінші кезек үкіметке беріледі. Сондықтан негізгі комитет пен үкімет сөз кезегіне қарамастан баяндама жасайды. Негізгі комитет және үкімет жеке өз бастары атынан жасалған екінші баяндамадан кейін сөз кезегін алған жағдайда, регламенттің «соңғы сөз депутаттікі» деген қағидасына сай жеке өз басы атынан тағы бір депутатқа сөз сөйлеу хақы туындайды.

5. Өзгеріс ұсынысының дайындалуы және қаралуы

Өзгеріс ұсынысы депутаттар, үкімет және негізгі комитет тарапынан берілген және заң жобасы немесе ұсыныстардың бір бабының толығымен немесе кейбір бөлімінің өзгертілуін, мәтіннен шығарылуын, мәтінге қосымша немесе уақытша бап енгізілуін көздеген себепті ұсыныстар болып табылады.

Өзгеріс ұсынысы ТҰҰМ Төрағалығы атына жазылады. Ұсыныстарда өзгертілуі, жойылуы немесе енгізілуі сұралған үкімдер анық айтылады. Ашық емес және шартқа тәуелді ұсыныстар қаралмайды.

Өзгеріс ұсыныстары себебімен бірге беріледі. Себебімен бірге өзгеріс ұсынысы 500 сөзден көп болса, ұсыныс иесі ұсынысына 500 сөзден аспайтындай бір мазмұн қосып беруі керек. Осы жағдайда Жалпы Отырыста мазмұн оқылады. Ұсыныстың толығы болса актке қосылады.

Комитет рапортын қолдап қол қойған комитет мүшесі Жалпы Отырыста өзгеріс ұсынысын бере алмайды.

Өзгеріс ұсыныстары басылған комитет рапорты таратылғаннан бастап сол істің талқылауы басталғанға дейін бір қолтаңбамен беріледі. Алайда талқылау басталғаннан кейін берілетін өзгеріс ұсыныстарында кемінде бес депутаттың қолтаңбасының болуы қажет. Ұсыныстар талқыланған бапқа орай талқылау басталғанға дейін беріледі. Ұсыныстар оқыла бастағаннан кейін ұсыныс берілмейді.

Депутаттар тарапынан Конституцияға қайшылық ұсыныстарын да қосқанда әрбір бап үшін ең көп дегенде жеті ұсыныс беруге болады. Әрбір саяси партия тобына мүше депутаттардың бір бір ұсыныс беру хақы бар. Алайда бұл хақ аталмыш саяси партия тобына мүше депутаттар тарапынан қолданылмаған жағдайда, басқа саяси партия тобына мүшелер мен немесе тәуелсіз депутаттар тарапынан

қолданылады. Басқаша айтқанда, әрбір саяси партия тобына мүше депутаттардың кемінде бір ұсынысы қабылданады.

Жоба немесе ұсынысқа арқау болмаған басқа бір заңда қосымша немесе өзгеріс көздеген жаңа бір заң жобасы сыпатындағы өзгеріс ұсыныстары Төрағалық тарапынан тіркелмейді.

Талқыланып жатқан жоба немесе ұсынысқа арқау заңның комитет мәтінінде жоқ, алайда жоба немесе ұсынысқа жақыннан қатысы бар бір баптың өзгертілуін сұрайтын және комитет көпшілік болып қатысқан ұсыныстарға орай жаңа бап ретінде талқылау ашылады. Әдістеме ретінде алдымен қосымша бап ұсынысы оқытылады. Кейіннен комитет орындарында негізгі комитеттің көпшілігінің болып болмағаны қаралады. Комитеттің көпшілігі болмаса, осындай ұсыныстар қабылданбайды. Комитеттің көпшілігі қатысқан жағдайда, осы ұсынысқа орай жаңа бап ретінде талқылау жүргізіледі. Басқаша айтқанда, ұсынысқа комитет, үкімет, топтар және жеке депутаттар атынан баяндамалар, сұрақ-жауап және болса ұсыныс талқыланғаннан кейін ұсыныс дауысқа салынады. Ұсыныс қабылданған жағдайда, жоба немесе ұсынысқа жаңа бап қосылған боп есептеледі.

Өзгеріс ұсыныстарының бір-бір көшірмесі комитетке, үкіметке, саяси партия топтарына және стенографтарға таратылады.

Өзгеріс ұсыныстары алдымен берілу, кейіннен қайшылық кезегіне қарай оқылады және тіркеуге алынады. Ұсыныс оқылғаннан кейін отырысты басқарып отырған төраға комитет және үкімет өкіліне ұсынысқа қосылып қосылмайтындарын сұрайды. Комитет және үкімет қосылмау себептерін қысқаша айтып өтуіне болады. Комитет немесе үкімет қосылмайтын ұсыныс жөнінде ұсыныс иесінің 5 минуттық сөз алу хақы бар. Ұсыныс иесі сөйлемей, ұсыныстың себебінің оқылуын да сұрауына болады. Кейіннен ұсыныс белгі беру арқылы дауысқа салынады. Ұсыныстың қабылдануы жағдайында сол бап қабылданған ұсыныс бойынша дауысқа салынады.

6. Жалпы Отырыста қайтадан талқылау

Заң жобасы немесе ұсыныстың барлығының дауысқа салынуынан бұрын белгілі бір бабының қайтадан талқылануын себебі жазылған ұсыныс арқылы негізгі комитет немесе үкімет бір мәрте сұрай алады. Осы сұраныс жөнінде Ақылдасу кеңесінің көзқарасы алынғаннан кейін Жалпы Отырыс тарапынан шешім беріледі. Қайтадан талқылануына шешім берілген бапқа орай топтар мен жеке депутаттар атынан баяндамалар, сұрақ-жауап және болса ұсыныс жасалғаннан кейін бап дауысқа салынады. Әрбір бап үшін тек бір рет қайтадан талқылау талабы қойыла алады.

7. Жалпы Отырыста заң жобасы және ұсыныстардың баптары және толығымен дауысқа салынуы

Жалпы Отырыста белгімен, ашық және жасырын сынды үш түрлі дауысқа салу болады. Атазаң, заңдар және регламент қай істердің қалай дауысқа салынатынын реттейді.

Атазаң өзгерістерінен басқа заң жобалары мен ұсыныстарының барлығы немесе баптарының дауысқа салынуы ашық дауысқа салуға бағынышты болмаса, 20 мүшенің талабымен ашық дауыспен, әйтпесе белгімен дауысқа салынады.

8. Белгімен дауысқа салу

Белгімен дауысқа салу депутаттардың қолын көтеруі арқылы жүзеге асырылады. Белгімен дауысқа салуда депутаттардың қандай дауыс қолданатындары тіркеуге алынбайды. Атазаңда, заңдарда және регламентте ашық немесе жасырын дауысқа салу мәжбүр екендігі айтылмаған барлық тақырыптарда қағида ретінде белгімен дауысқа салынады. Регламентте белгімен дауысқа салынатыны айтылған тақырыптарда дауысқа салу белгімен жүргізілуі міндетті.

Белгімен дауысқа салу барысында дауысқа салынған тақырыпқа қабыл және қарсы қол көтергендерді Төраға мен хатшы мүшелер бірге санап, анықтайды. Арасында келіспеген немесе дауыстарды анықтай алмаған жағдайларда белгімен санау электрондық жихазбен қайталанады. Дауысқа салу нәтижесі Төраға тарапынан Жалпы Отырысқа «қабылданды» немесе «қабылданбады» деу арқылы жарияланады.

9. Ашық дауысқа салу

Ашық дауысқа салу электрондық жихаз арқылы жүзеге асырылады. Ашық дауысқа салуда қай депутаттың қандай дауыс қолданғаны, Мәжіліс акттеріне тіркеледі. Ашық дауысқа салудың қай жағдайларда жасалатыны Регламентте анық айтылған. Осы жағдайлардан басқа ашық дауысқа салу өткізілуі белгімен немесе жасырын дауыспен дауысқа салу мәжбүр қылынбаған болуы және заң жобасы немесе ұсыныстар үшін кемінде 20 депутаттың, басқа жағдайларда кемінде 15 депутаттың сұраным беруі шарттарына байланысты.

Бюджет және нақты есеп заңы жобалары, қаржы үкім мен жауапкершіліктер қамтитын жобалар немесе ұсыныстар, халықаралық келісім-шарттардың дауысқа салынуы, өркендеу жоспарлары мен регламенттің бұйырушы үкімдерімен анықталған басқа жағдайлардың дауысқа салынуы ашық әдісімен жүргізіледі.

Ашық дауысқа салуда «қабыл», «қарсы» және «қалыс» деген үш түрлі дауыс қолданылады.

10. Жасырын дауысқа салу

Жасырын дауысқа салу депутаттың қандай дауыс бергені еш анықтала алмайтын және ешбір тақырыпта тіркеуге алынбайтын дауысқа салу түрі болып табылады. Жасырын дауысқа салу есімі оқылған мүшегебір конверт және ак (қабыл), қызыл(қарсы) және жасыл(қалыс) түсті үш қағаздың берілуі және мүшенің осылардың бірін жабық кабинетте конвертке қоюы арқылы жүзеге асады.

Жасырын дауысқа салуда қолданылған дауыстардың сарапталуы сол күнгі Төрағалар алқасында міндетті хатшы мүшелер тарапынан жасалады. Қорытынды «қабыл», «қарсы», «қалыс» және бар болса «бос» және «өтімсіз» деген түрде Жалпы Отырысқа жарияланады.

Атазаң өзгерісіне байланысты заң жобалары мен Мәжіліс тергеулері ұсынысы мен Жоғары сотқа жіберуге байланысты Мәжіліс тергеу комитетінің рапорты жасырын түрде дауысқа салынады.

11. Негізгі заң

Ауқымды заң жобасы немесе ұсыныстардың Жалпы Отырыста жылдам заңға айналуы мақсатымен регламентте арнайы бір талқылау және дауысқа салу әдісі көзделген. Негізгі заң деп аталған осы әдіске қарағанда бір құқықтық саланы жүйелі түрде толығымен немесе ауқымды түрде өзгертетін жалпы принциптер қамдауы, жеке немесе қоғамдық тұрмыстың көпшілігіне қатысты болуы, өз саласындағы арнайы заңдар сүйенетін негізгі ұғымдарды көрсетуі, арнайы заңдар арасында іс жүзінде үйлесімділік қамдауы, саласы жағынан тұтастық пен баптар арасындағы байланыстың қорғалуы мәжбүрлігінің болуы, бұдан бұрынғы заңға айналу процесінде де арнайы талқылау және дауысқа салу әдісіне тәуелді болуы сынды ерекшеліктері бар заңдарды және регламентті толығымен немесе ауқымды түрде өзгертетін немесе жүзеге асыратын жоба немесе ұсыныстардың Жалпы Отырыстағы талқылауларында арнайы талқылау мен дауысқа салу әдісі қолданылады.

Бір заңның негізгі заң ретінде талқылануына Ақылдасу кеңесі немесе саяси партия топтарының ұсынысына орай Жалпы Отырыс тарапынан шешім беріледі. Негізгі заң ретінде талқылануына шешім берілген істерде алдымен жоба немесе ұсыныстың тұтасына орай талқылау ашылады және баптарына өту дауысқа салынады. Баптарына өту қабылданған жоба немесе ұсыныстардың бөлімдері талқылана бастайды. Жоба немесе ұсыныстар 30 баптан аспайтындай түрде бөлімдерге бөлінеді. Осы әдіспен баптар бөлек-бөлек талқыланбайды, баяндамалар мен сұрақ-жауаптар бөлімдерге орай беріледі. Негізінде баптарға орай сұрақ-жауап 10 минут болса, негізгі

заң талқылауларында бұл мерзім 15 минут. Айырықша негізгі заң ретінде талқылануына шешім берілген істерде депутаттар тарапынан әрбір бап үшін ең көп 2 ұсыныс беріледі. Алайда әрбір саяси партия тобына мүше депутаттардың бір ұсыныс беру хақы да бар. Негізгі заң әдісімен талқылауларда бап мәтіндері оқылмайды, баптарға орай өзгеріс ұсыныстары болса ұсыныс істері қаралады және баптап талқыланбастан дауысқа салынады. Бөлімдерге орай талқылаулар аяқталғаннан және барлық баптар дауысқа салынғаннан кейін істің тұтасы дауысқа салынады.

Негізгі заңдарда бөлімдердің талқылануы

1. Бөлімге орай талқылаулар (ең көп 30 бап)	• Үкімет пен негізгі комитеттің 10 минуттан баяндамасы • Саяси партия топтары атынан бір-бір депутаттың 10 минуттан баяндамасы • Жеке басына атынан екі депутаттың 5 минуттан баяндамасы • 15 минуттық сұрақ-жауап
2. Бөлімдегі әрбір бап үшін ұсыныс жасалуы және баптың дауысқа салынуы	• Бапқа орай депутаттары тарапынан 2 ұсыныс берілуі (Әрбір топтың 1-1 ұсыныс беру хақы бар) • Баптардың дауысқа салынуы

12. Атазаң өзгерістері

Атазаңның өзгертілуі кемінде ТҰҰМ толық мүше санының үштен бірі болып табылатын 184 депутаттың қолтаңбасымен ұсынылады.

Атазаңның өзгертілуі жөніндегі ұсыныстар Жалпы Отырыста екі мәрте талқыланады. Өзгеріс ұсынысының қабылдануы ТҰҰМ толық мүше санының кемінде бестен үш (330) көпшілігінің жасырын дауысы арқылы мүмкін.

Елбасы Атазаң өзгерістеріне байланысты заңдарды тағы бір мәрте талқылану мақсатымен ТҰҰМ-не қайта жолдай алады. ТҰҰМ қайта жолданған заңды толық мүше санының үштен екі көпшілігімен (367) дәл сол қалпында қабылдаса, елбасы осы заңды референдумға салуына болады.

Мәжіліс тарапынан толық мүше санының бестен үшімен (330) немесе үштен екісінен (367) аз дауыспен қабылданған Атазаң өзгерісі жөніндегі заң елбасы тарапынан Мәжіліске қайтарылмаған жағдайда референдумға берілу үшін Ресми газетте жарияланады.

Тікелей немесе елбасының қайта жолдауына орай Мәжіліс толық мүше санының үштен екі (367) немесе одан да

көпшілігімен қабылданған Атазаң өзгерісіне байланысты заң немесе қажетті баптары елбасы тарапынан референдумға ұсынылады. Референдумға ұсынылмаған Атазаң өзгерісіне байланысты заң немесе қатысты баптап Ресми газетте жарияланады.

ТҰҰМ Атазаң өзгерістеріне байланысты заңдар қабылданған кезде, осы заңның референдумға ұсынылуы жағдайында, Атазаңның өзгертілген үкімдерінің қайсыларының бірге, қайсыларының бөлек дауысқа салынатынына да шешім береді.

Атазаңның өзгертілуі жөніндегі ұсыныстардың талқылануы және қабылдануы белгіленген үкімдер тысында заңдардың талқылануы және қабылдануы жөніндегі үкімдерге тәуелді.

13. Жарлық

Жарлық ТҰҰМ қабылдаған өкілеттілік заңына сүйеніп, Министрлер кабинеті тарапынан шығарылған реттеуші бір іс болып табылады. Өкілеттілік заңында шығарылатын заң үкіміндегі жарлықтың мақсаты, ауқымы, принциптері, қолданыс мерзімі және мерзімі ішінде бірден көп жарлық шығарылып шығарылмайтыны көрсетіледі.

Атазаңда кепілге алынған негізгі хақтар, жеке адам хақтары мен міндеттері және саяси хақтар мен міндеттер Жарлықтармен реттелмейді. Айырықша Министрлер кабинетіне Жарлықпен бюджетте өзгеріс жасау өкілеттігі берілмейді.

Жарлықтар басқа уақыт көрсетілмеген жағдайда, Ресми газеттер жарияланған күні іске қосылады және сол күні ТҰҰМ-не ұсынылады. Жарияланған күні ТҰҰМ-не ұсынылмаған Жарлықтар сол күні күшінен айрылады. ТҰҰМ өзіне ұсынылған Жарлықты заң арқылы кері қайтарып, күшінен жоя алатын секілді, сол қалпында немесе өзгертіп қабылдауына болады. Өкілеттілік заңдары мен оларға сүйенетін Жарлықтар комитеттер және Жалпы Отырыста тез және алдымен қаралады.

14. Әжуа-Мазак

Жалпы Отырыста өзіне қарсы әжуа-мазақ айтылған, қорлық көрсетілген немесе алға тартқан көзқарасынан басқаша бір көзқарас айтқаны білдірілген Үкімет, комитет, саяси партия топтары немесе депутаттар мәлімдеме бере алады және жауап бере алады. Сөзбен шабуыл себебімен сөз кезегін алғысы келген адам қай себепке байланысты сөйлегісі келетінін отырысты басқарып отырған Төрағаға ауызша немесе жазбаша түрде білдіреді. Төрағаның сөз кезегін беріп бермеу тақырыбында өзіндік өкілеттігі бар. Төраға мәлімдеме және жауап үшін сөз кезегін беретін болса, сөз беру уақытын сол отырыс ішінде ұсынады. Төрағалық тарапынан өзіне сөз

кезегі берілмеген кісі қарсылық көрсетсе, Жалпы Отырыс осы тақырыпта талқылаусыз және белгімен дауысқа салып, шешім береді.

Жалпы Отырыста сөзбен шабуылға байланысты мәлімдеме хақын Үкімет атынан премьер-министр немесе бір министр, комитет атынан сол іс үшін Жалпы Отырыста отырған комитет өкілі және саяси партия топтары атынан топ төрағасы немесе төраға уәкілдері қолданады.

15. Процедура жөнінде талқылау

Атазаңның 95-ші бабына қарағанда, «Түркия Ұлы Ұлттық Мәжілісі жұмыстарын өзі қалыптастырған Жарғы үкімдеріне орай жүргізеді». Алайда қазіргі Жарғыға қарағанда кейбір тақырыптарда үкім жоқ екені, кейбір баптардың да жеткілікті түрді ашық емес екені көрінеді. Осындай жағдайларда Жалпы Отырыста жүргізілетін жолдың анықталуындағы ең маңызды құрал процедура жөнінде өткізілген талқылаулар болып табылады.

Процедура талқылауларының мақсаты тақырыптың негізінен гөрі талқылану әдісінің қағидаларға сай болып болмағанының анықталуы және кейіннен талқылаудың әдіске сай жалғастырылуын қамдау.

Жарғының 63-ші бабына қарағанда, «талқылаудың орынды болып болмауы», «Төрағаны күн тәртібіне шақыру», «Төрағаны Түркия Ұлы Ұлттық Мәжілісінің жұмыс әдістеріне шақыру» және «бір тақырыпты алға алу немесе кейінге қалдыру» сынды әдіске бағытталған тақырыптар басқа жұмыстардан бұрын талқыланады. Бүгінге дейін жасалған әдіс талқылауларына қарағанда, көбіне «Төрағаны Түркия Ұлы Ұлттық Мәжілісінің жұмыс әдістеріне шақыру» әдісінің алға шыққаны көрінеді.

Әдіс талқылауы жөнінде әрбір депутат талап қоя алады. Алайда жалпы партияның топ төраға уәкілдерінің осы талапты бергені көрінеді.

Осы тақырыпта бір талап келген кезде, Төрағасы әдіс талқылауын ашады және он минуттан көп созылмайтындай қып қарсы және қабыл сөз алатын екі депутатқа сөз кезегін береді. Талқылаудан кейін әдіс жөнінде шешім беру үшін дауысқа салып салмау төрағаның билігіне қалады. Дауысқа салу керек болса, белгі беру арқылы дауысқа салынып, жасалған істің әдіске сай болып болмағаны тақырыбында Жалпы Отырыстың шешімі алынады.

16. Дисциплина жазалары

Жалпы Отырыс жұмысы барысында депутаттардың Жарғыға қайшы сөз және істері түрлі жазалармен жазаландырылады.

Осы жазалардың кейбірі дисциплина жазасы іспетінде дисциплина жазалары ескерту, айыптау және мәжілістен уақытша шығару болып табылады.

Ескерту жазасы: Жарғыға қарағанда, сөзді бөлу, тыныштық пен жұмыс тәртібін бұзу және адамдармен айналысу ескерту жазасын қажет қылатын қылықтар болып табылады. Ескерту жазасын беру және орындау отырысты басқарып отырған Төрағаның билігінде. Ескерту жазасы алған депутат өзін қорғау үшін сөз сұраса, сол мүшеге сол отырыста сөз кезегі беріледі. Алайда Төраға қажет деп тапса, одан бұрын да сөз беруіне болады. Төраға жаза алған депутаттың мәлімдемесін жеткілікті деп тапса, жазаны жоя алады. Сол отырыста екі мәте ескерту жазасын алған бір депутаттың осы қылығы акт арқылы айтылуы керек және сол депутаттың сол отырыстың аяғына дейін сөз сөйлеуіне Төрағаның ұсынысына орай Жалпы Отырыс тарапынан тыйым салынады.

Айыптау жазасы: Жарғыда айыптау жазасын қажет қылатын жағдайлар төмендегідей айтылған:

- Сол отырыста екі мәрте ескерту жазасын алса да, осыны қажет қылған қозғалыстан бас тартпау,
- бір ай ішінде үш рет ескерту жазасын алу,
- Дөрекі және ренжітетін сөз айту және қимылдар жасау,
- Шабуыл жасау,
- Мәжілісте айқай-шуға және төбелеске себеп болу немесе мәжілістің міндетін орындауына кедергі жасау үшін топтық түрде бір қозғалысқа бастаушы болу.

Айыптау жазасына отырысты басқарып отырған Төрағаның ұсынысына орай Жалпы Отырыс шешім береді. Өзі жөнінде айыптау жазасы ұсынылған депутат өзін тікелей қорғау алады немесе басқа бір депутат қорғауға болады. Айыптау жазасы актіге тіркеледі.

Мәжілістен уақытша шығару жазасы: Жарғыда ең ауыр дисциплина жазасын болып табылатын мәжілістен уақытша шығару жазасын қажет қылатын жағдайлар төменде айтылған:

- Бір отырыс барысында үш мәрте айыптау жазасын алу,
- Бір ай ішінде бес мәрте айыптау жазасын алу,
- Талқылаулар барысында елбасына, ТҰҰМ-на, ТҰҰМ Төрағасына, ТҰҰМ Төрағалар алқасына, Төрағалық міндетін орындаған Төраға уәкіліне балағат сөз айту, боқтау немесе оларды қорқыту немесе Түркия Республикасына немесе оның Атазаң жүйесіне балағат сөз келтіру,

- Талқылаулар барысында халықты немесе Мемлекет күштерін немесе мемлекеттік орган, ұйым және қызметкерлерін заңсыз қозғалыстарға, көтеріліске немесе Атазаң үкімдерін бұзуге ынталандыру немесе арандату,
- ТҰҰМ ғимараты, бақша және жер телімдері ішіне қарумен келу,
- Мәжіліс ғимараттары немесе қосымша ғимараттары ішінде заңсыз іс жасау,

Мәжілістен уақытша шығару жазасы ең көп үш отырыс үшін отырысты басқарған Төрағаның ұсынысына орай Жалпы Отырыс тарапынан ұйғарылады. Өзі жөнінде Мәжілістен уақытша шығару жазасы ұсынылған депутат тікелей өзін қорғай алады немесе басқа бір депутатқа қорғата алады. Жаза актіге жазылады.

Осы жазаны алған депутат ТҰҰМ-нің Жалпы Отырыста, комитет, Төрағалар алқасы және Ақылдасу кеңес жұмыстарына жазасы аяқталғанға дейін қатыса алмайды.

Уақытша Мәжілістен шығару жазасын алған бір депутат рұқсат алып, мінберден ашық түрде кешірім сұраса, Мәжіліске кіруіне болады.

17. Акттер

Жалпы Отырыста және комитет талқылаулары барысында жасалған баяндамалардың дәл сол қалпында жазылған түрі акт деп аталады.

Жалпы Отырыста және комитеттерде міндетті стенографтар тарапынан талқылауға қатысқан депутаттардың мінберде сөйлеген сөздері мен орындарынан айтқандары жазып алынып отырады. Акт жазылған кезде стенографтардың жазғандары мен электронды жазып алу жихаздарындағы дауыстар негізге алынып, жазылады, осылайша толық акт жағдайына келтіріледі.

Актте өзгерту Жарғының 58-ші және 155-ші баптарына орай жасалады. Алайда өзгерту енгізілетін сөздер актен шығарылмайды, алдыңғы сөз актте орнында қалады, түзетілген сөздер де жазылады.

Жарғының 58-ші бабына қарағанда бір депутат немесе министр өзіне тиісті отырыс актінде орын алған бір сөзінің түзетілуі үшін келесі отырыста бес минуттан аспайтындай түрде сөз кезегін алады.

Жарғының 155-ші бабына орай болса актің бастырылып, таратылунан бастап 15 күн ішінде мүшелер қажетті түзетулердің енгізілуі үшін Төрағалыққа өтініш бере алады.

Ғ. БЮДЖЕТ ПРОЦЕСІ

1. Бюджет заңы

Бюджет заңы мемлекеттің келесі кезеңдегі табыстарын және төлемдерін болжайтын және атқару органына төлемдердің жасалуы, табыстардың жиналуы тақырыбында өкілеттік және рұқсат беретін бір заң болып табылады. Бюджет қаржы жылы ішінде жасалатын шығыс пен қолға түсетін табыстарды шамалап көрсетеді. Қаржы жылы 1 қаңтар-31 желтоқсан арасындағы мерзімді қамтиды. Бюджеттің жүзеге асырылуы үшін берілген рұқсат мерзімі бір қаржы жылымен шектеулі.

2. Орталық әкімшілік бюджеті аясында орын алатын бюджет түрлері

Жалпы әкімшілік аясындағы әкімшіліктердің бюджеттері орталықәкімшілікбюджеті,әлеуметтікқауіпсіздік мекемелері бюджеттері мен жергілікті әкімшіліктер бюджеттері ретінде дайындалады және атқарылады. Орталық әкімшілік бюджеті же жалпы бюджет, арнайы бюджет және реттеуші және бақылаушы мекеме бюджеттерінен қалыптасады. Мемлекеттік органдар тарапынан осылардан басқа бюджет қалыптастырылмайды.

3. Орталық әкімшілік бюджет жобасының заңға айналуы

Министрлер кабинеті орталық әкімшілік бюджет жобасы мен ұлттық бюджет болжамдарын көрсететін рапортты қаржы жылының бастауынан кемінде 75 күн бұрын ТҰҰМ-не ұсынады. Орталық әкімшілік бюджет заңы жлбалары Жоспар және бюджет комитетінде қаралады. Жоспар және бюджет комитеті 55 күн ішінде қабылдайтын бюджет мәтіні ТҰҰМ Жалпы Отырысында талқыланып, қаржы жылы басына дейін шешімге келтіріледі.

Бюджет және нақты есеп заңы жобаларының Жалпы Отырыстағы талқылауларында алдымен үкімет тарапынан ұсыну баяндамасы жасалады, кейіннен бюджеттің толық қалпына орай саяси партия топтары, үкімет, жеке депутаттар атынан екі депутат сөз алады. Баптарға өту қабылданғаннан кейін жобалардың бірінші және екінші баптары оқытылып, мемлкеттік мекеме және ұйымдардың табыс пен шығыс табицалары талқыланады және бөлімдер күйінде дауысқа салынады. Осы талқылаулардан кейін бюджет жобаларының басқа батары заң жобасы және ұсыныстарындағы әдіске сай талқыланып, шешімге келтіріледі. Бюджетке орай соңғы баяндамалардан кейін жобалар ашық дауысқа салынады.

Депутаттар бюджет заңы жобаларының Жалпы Отырыста талқылануы барысында шығыс арттыратын немесе табыс азайтатын өзгеріс ұсыныстарын бере алмайды.

Орталық әкімшілік бюджет заңы қаржы жылы басынан бұрын Ресми газетте жарияланады.

4. Орталық әкімшілік нақты есеп заңы жобасының заңға айналуы

Нақты есеп бюджет кірістері және шығыстарына байланысты соңғы жағдайда көрсететін және үкіметтің бақылауына мүмкіндік беретін бір құрал болып табылады. Жүргізіліп біткен бюджеттің есебінің нақтылануы нақты есеп заңы арқылы болады. Нақты есеп атқару органына берілген қараат өкілеттігінің заңдарға сай ретінде ықпалды, экономикалық және шығымды түрде қолданылып, қолданылмағанының парламенттер тарапынан бекітіуі деген мағынаға келеді.

Нақты есеп заң жобасы бухгалтерия акттері назарға алынып, орталық әкімшілік бюджет заңының түріне сай Қаржы министрлігі тарапынан дайындалады. Нақты есеп заң жобасы қатысты қаржы жылының аяғынан бастап кеш дегенде жеті айдан кейін Министрлер кабинеті тарапынан ТҰҰМ-на ұсынылады, жаңа жыл бюджет заңы жобасымен бірге Жоспар және бюджет комитеті күн тәртібіне алынады жоспар және бюджет комитеті бюджет заңы жобасымен нақты есеп заң жобасын Жалпы Отырысқа бірге ұсынады.

Жалпы Отырыста нақты есеп заңы жобасын жаңа жыл бюджет заңы жобасымен бірге талқылап, шешім береді. Нақты есеп заңы жобасының ТҰҰМ-на ұсынылуы қатысты жылға тиісті Есеп комитеті тарапынан қорытындыланбаған бақылау және есеп сотына кедергі болмайды және бұлардың шешімге келінгені деген мағынаға келмейді.

Д. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КЕЛІСІМ-ШАРТТАРДЫҢ БЕКІТУЛІ ПРОЦЕСІ

Түркия Республикасы атынан шетелдік мемлекеттер және халықаралық ұйымдармен жасалатын келісім шарттардың бекітілуі Түркия Ұлы Ұлттық Мәжілісінің мақұлдауды бір заң арқылы орынды деп табуына байланысты.

Халықаралық келісім шарттардың орынды деп табылғанына байланысты заң жобалары Министрлер кабинеті тарапынан ТҰҰМ-на жіберілгеннен кейін Төрағалық тарапынан комитеттерге жолданады. Орынды деп табу заң жобалары әрдайым негізгі комитет ретінде сыртқы істер комитетіне жіберіледі. Комитет орынды деп табу заң жобаларының

талқылаулары нәтижесінде болса өзгерістерімен бірге қабылданған мәтінді дайындалған рапортымен бірге Төрағалыққа ұсынады. Орынды деп табу заң жобаларының Жалпы Отырыста талқылаулары басқа заң жобасы және ұсыныстарының талқылануы әдісіне тәуелді. Алайда халықаралық келісімдерді орынды деп табуға байланысты заң жобалары ашық түрде дауысқа салынады.

1. Заңдардың жариялануы

Заң жобасы мен ұсыныстары ТҰҰМ Жалпы Отырысында қабылданғанда заңға айналады және бір заң нөмірі беріледі. Алайда Жалпы Отырыста тарапынан қабылданған заңның міндетті болуы және жүзеге асырылуы үшін Ресми газетте жариялануы керек.

Заңдар елбасына жолданған күннен баста 15 күн ішінде Ресми газетте жариялануы үшін елбасылығы тарапынан Премьер-министрлікке жіберіледі. Елбасы жариялануын ішінара немесе толығымен орынды деп таппаған заңдарды тағы бір мәрте талқылану үшін осы тақырыпта себептерімен бірге ТҰҰМ-на қайта жолдауына болады. Алайда елбасы бюджет заңдарын қайтадан қаралуы үшін ТҰҰМ-на жолдай алмайды.

Елбасы тарапынан ішінара орынды деп табылмаған жағдайда ТҰҰМ сол істің толығын немесе тек орынды деп табылмаған баптарын қарауына болады. Осы талқылау нәтижесінде жолданған мәтін өзгертіліп немесе сол қалпында қабылдануы мүмкін. ТҰҰМ кері жолданған заңды сол қалпында қабылдаса, елбасы заңды жариялауға мәжбүр. Мәжіліс кері жолданған заңда өзгеріс жасаса, елбасы өзгертілген заңды қайтадан Мәжіліске кері жолдай алады.

2. Заңдардың іске қосылуы

Заңдардың қашан іске қосылатыны іске қосылу бабында ашық айтылады. Іске қосылу бабында заңның толығы үшін бір іске қосылу күні де жазылады, сондай-ақ басқа баптар үшін басқа күндер де жазылуы мүмкін. Іске асыру бабы жоқ заңдар Ресми газетте жарияланғаннан бастап 45 күннен кейін іске қосылады.

Е. ТҰҰМ ШЕШІМДЕРІ

1.ТҰҰМ шешімдері


ТҰҰМ шешімдері жалпы ТҰҰМ-нің саяси шешімдеріне, ішкі ұжымдасуына, жұмыс тәртіптеріне немесе атқару органымен байланысына қатысты болады. Парламент шешімдері субъектив жағдайлар жарататын істер және ерекшеліктерді

қспағанда соттық бақылауға тәуелді болмайды. Парламент шешімдері Жалпы Отырыста тарапынан қабылданады, сондықтан комитеттер немесе Төрағалар алқасы тарапынан қабылданған шешімдер парламент шешімі деп есептелмейді.

Парламент шешімдерінің басты ерекшеліктері бар:

- Парламент шешімдері бір дауысқа салу нәтижесінде қабылданады. Шешім белгілі тақырыпта Жалпы Отырыстың ерік -жігерін жариялауы болып табылатындықтан, Жалпы Отырыста сол тақырыптағы ерік-жігерінің анықталуы дауысқа салу арқылы белгілі болады.
- Парламент шешімдерін елбасы мақұлдамайды. Заңдарға керісінше парламент шешімдерінің іске қосылуы үшін елбасы мақұлдауы керек емес. Ресми газетте жарияланатын парламент шешімдері тікелей ТҰҰМ Төрағасының қолтаңбасымен жарияланады.
- Парламент шешімдері қағида ретінде соттық бақылауға бағынышты емес. Атазаңға қарағанда жарғы мен жарғы өзгерісі шешімдері (Атазаң бап 148) мен заң шығару қол сұғылмаушылығының жойылуы немесе депутаттықтың тоқтатылуы шешімдері (Атазаң бап 85)нен басқа парламент шешімдері сот бақылауынан тысқары қалдырылған.

Белгілі парламент шешімдеріне мысал ретінде Жарғыда өзгеріс жасалуына байланысты шешімдер, демалыс және үзіліс беру шешімдері, Министрлер кабинетіне сенім шешімдері, заң шығару қол сұғылмаушылығының жойылуына байланысты шешімдер, Түрік қарулы күштерінің шетелдерге жолдануына немесе шетелдік қарулы күштердің Түркияға келуіне рұқсат берілуіне байланысты шешімдерді көрсетуге болады.



IV. ПАРЛАМЕНТАР БАҚЫЛАУ

А.СҰРАҚ

1. Сұрақ

Сұрақ үкіметтің міндет пен өкілеттіктеріне байланысты белгілі тақырыпта Премьер-министр немесе қатысты министрден бір ұсыныс арқылы мағлұмат алынуын қамдайтын бір парламентар мағлұмат алу және бақылау әдісі болып табылады. Сұрақ талап етілген жауапты түріне қарай жазбаша және ауызша деп екіге бөлінеді.

2. Сұрақ ұсыныстарында болуы керек шарттар

Сұрақ ұсыныстарының Жарғыға орай түр және негізі жағынан төмендегі шарттарда болуы қажет:

- Қысқа болуы керек. Ауызша сұрақ ұсынысы 100 сөзден аспауы қажет.
- Ешбір құжат қосылмауы керек.
- премьер-министрге немесе бір министрге бағытталуы керек.
- ТҰҰМ Төрағалығына арналып жазылуы қажет.
- Тек бір депутат тарапынан аты, тегі және сайлау округы жазылып, қол қойылуы керек.
- себебі жазылмайды және жеке көзқарастар алға тартылмайды.
- жеке бас және жеке өмірге байланысты тақырыптар болмауы керек.
- Басқа бір хабар көзінен оңай табылатын қасиетте болмауы қажет.
- Бір мақсатқа пайдалы болатын тақырыптарды қамтымауы керек.
- Тақырыбы бұдан бұрын берілген вотум ұсынысымен бірдей болмауы қажет.
- Дөрекі және ренжітетін сөздер қолданбау керек.

Айырықша Атазаңға орай қаралып жатқан бір соттық іс жөнінде сот өкілеттігінің қолданылуына байланысты сұрақ сұралмайды.

3. Сұрақ ұсынысының дайындалуы және тіркеуге алынуы

Жалпы құжат бөліміне жолданып, жалпы құжат ретінде тіркелген сұрақ ұсыныстарының істері жолданған Заңдар және шешімдер төрағалығында жүзеге асырылады.

Сұрақ ұсынысы алдымен Атазаң және Жарғы үкімдері тұрғысынан түрі және негізге бағытталған шарттарға қарай талқыланады. Қажетті шарттарға бағынбайтын сұрақ ұсынысы ТҰҰМ Төрағасы тарапынан бір жазумен қоса ұсыныс иесіне қайтарылады. Ұсыныс иесі қайтарылған сұрақ ұсынысын қайтару себебіндегі мәселелерді түзету арқылы қайтадан бере алады.

Іске қосылған ұсынысқа Төрағалыққа келу кезегіне қарай жазбаша ұсыныс болса (7/...), ауызша сұрақ ұсынысы болса (6/...) деп негізгі нөмір беріледі. Ұсыныс негізгі нөмірі, қолтаңба иесі депутаттың аты мен тегі, сайлау округі мен ұсыныстың тақырыбын көрсететін қысқаша мағлұматпен бірге келген қағаздар тізімінде жариялау арқылы іске қосылады.

Сұрақ ұсыныстары қажетті іс атқыралуы үшін Премьер-министрлікке және қатысты министрлікке ТҰҰМ Төрағасының қолтаңбасымен жолданады.

4. Жазбаша сұрақ ұсынысының жауаптандырылуы


Жазбаша сұрақ ұсынысының жауаптандырылуы мерзімі ТҰҰМ Төрағалығы қағазының премьер-министрлікке және қатысты министрлікке жолданған күннен бастап 15 күн.

Жазбаша сұрақ ұсынысына қатысты министрдің қолтаңбасымен берілген жауап Премьер-министрлік немесе қатысты министрлік тарапынан Мәжіліс төрағалығына ұсынылады. Жауап мәтіннің бір көшірмесі ұсыныс иесі депутатқа жолданады. Жауап айырықша сұрақ мәтінімен бірге ТҰҰМ Төрағалығы тарапынан алынған күнгі немесе келесі отырыстың Акт журналында жарияланады және ТҰҰМ интернет бетінде де жарияланады.

Премьер-министрлік немесе қатысты министрлік қажетті мағлұматтардың жинақталуы үшін осы мерзім жеткілікті болмаса, бір айлық қосымша мерзім талап ете алады.

Жазбаша сұрақ ұсынысының 15 күндік мерзімде жауаптандырылмауы және қосымша мерзім талап етілмеуі жағдайында ТҰҰМ Төрағасы, Премьер-министрдің немесе қатысты министрдің назарын аударып, 10 күндік нақты және соңғы мерзімді береді.


Осы 10 күндік ескерту мерзімі ішінде де жауап жолданбайтын болса сұрақ ұсынысының жауаптандырылмағаны келген қағаз тізімінде жарияланады. Келген қағаз тізімінде «Мерзімі ішінде Жауаптандырылмаған жазбаша сұрақ ұсыныстары» тақырыбымен ұсыныстың иесі, негізгі нөмірі, мазмұны мен қарсыласы айтылады.



Іс жүзінде ұсыныстың келген қағаздар тізімінде жариялануынан кейін де жауа жолданғаны кездеседі. Ұсыныстың мерзімі ішінде жауап берілмеген үшін келген қағаз тізімінде жариялануымен Жарғының сұрақ ұсынысы үшін берген мерзім аяқталғандықтан осы жауаптар мағлұмат беру мақсатты ұсыныстың иесі депутатқа жолданады.

5. Ауызша сұрақ ұсынысына жауап беру

Ауызша сұрақ ұсынысы Премьер-министрлікке және қатысты министрлікке жолданған күннен бастап 5 күннен кейін Жалпы Отырыста күн тәртібінің «Ауызша сұрақтар» бөліміне негізгі нөмірі кезегіне қарай алынады.



Күн тәртібіне алынған ауызша сұрақ ұсыныстарына Жалпы Отырыста ауызша жауап беріледі. Жалпы әрбір заң шығару кезеңінде сейсенбі және сәрсенбі күндері отырыстардың

баскы кезінде бір сағат сұрақтардың талқылануы ұйғарылады.

Ауызша сұрақ ұсыныстарының Жалпы Отырыстағы талқылауларында бірінші кезектен бастап ұсыныстың иесі, мазмұны және қатысты үкімет мүшесі оқылу арқылы басталады.

Қатысты министр Жалпы Отырыста орын алғанын және жауап беретінін білдірсе, Төраға ауызша сұрақ ұсынысы мәтінін хатшы мүшеге оқытады. Ауызша сұрақ ұсынысы оқылғаннан кейін министр бес минуттық уақыт ішінде сұраққа жауап береді. Сұраққа жауап берілгеннен кейін ұсыныс иесі депутат орнынан өте қысқа бір мәлімдеме талап ете алады. Министр осы қосымша мәлімдемеге жауап бергісі келсе, тағы бес минуттық уақыт ішінде жауап береді. Осы жауаптан кейін іс аяқталады. Сұраққа жауап беру арқылы ұсыныс күн тәртібінен шығарылады.

Үкімет атынан жауап беру үшін сөз кезегін алған министр күн тәртібіндегі ауызша сұрақ ұсынысының бірден көбіне кезексіз де жауап береді. Осы хаққын қолданғысы келген министр алдын ала отырысты басқарып отырған Төрағаға талабын білдіреді. Төрағасы осы талапты Жалпы Отырысқа білдіреді.

Тақырыптары бірдей ауызша сұрақтар бірлестіріліп, жауаптандырылады.

Жалпы Отырыста үш отырыста кезегі келсе де жауап берілмеген ауызша сұрақ ұсынысы жазбаша сұраққа айналады. Жазбаша сұраққа айналған ұсыныс күн тәртібінен шығарылады және қатысты министрлікке жазбаша жауаптандырылу үшін жолданады.

6. Сұрақ ұсынысының қайтып алынуы

Сұрақ ұсыныстары ТҰҰМ төрағалығына ұсынылғаннан кейін жауап берілгенге дейін қаралуда деп есептеледі. Сұрақ ұсынысы қаралу кезінде әрқашан ұсыныстың иесі депутат тарапынан бір қағаз арқылы кері алыну мүмкіндігі бар. Жалпы Отырыста күн тәртібіндегі ауызша сұрақ ұсынысының кері алынуы жағдайында керу алу арықы Жалпы Отырыстаке білдіріледі.

7. ТҰҰМ Төрағасына сұрақ

ТҰҰМ Төрағасының, Төраға алқасының, Төраға алқасы мүшелерінің және Ақылдасу кеңесінің ТҰҰМ-ның істеріне байланысты міндеттеріне орай Төрағалықтан ауызша және жазбаша сұрақ қоюға болады.

Бұл сұрақтарға Төраға немесе ол міндеттендіретін төраға уәкілдерінің бірі тарапынан жауап беріледі. Сұрақ ауызша болса ұсыныс берілгеннен 7 күннен кейін Жалпы Отырыста күн тәртібіне алынады.

Осы сұрақтар жөнінде де үкіметке бағытталған сұрақтар жөніндегі үкімдер іске асырылады.

Ә. ЖАЛПЫ ТАЛҚЫЛАУ

1. Жалпы талқы

Жалпы талқы дегеніміз қоғам мен мемлекет істеріне байланысты белгілі бір тақырыптың ТҰҰМ Жалпы Отырысында талқылануы.

2. Жалпы талқылауды ұсынуға қажетті шарттар

Жалпы талқылау Үкімет, саяси партия фракциялары немесе ең аз дегенде 20 депутаттың жазбаша ұсынысымен басталады.

- Ең аз дегенде 20 депутат тарапынан жасалған ұсыныста депутаттардың аты, тегі, сайлау округі мен қолтаңбалары болуы тиіс.
- Саяси партия фракциясы тарапынан берілген ұсыныста фракция басшысы және/немесе басшы орынбасарының аты, тегі, сайлау округі мен қолтаңбасы болуы тиіс.
- Ұсыныста дөрекі және жәбірлейтін сөзтіркестері болмауы тиіс.
- Ұсыныстың тақырыбы жалғасып жатқан сот ісі, сот юрисдикциясына байланысты болмауы тиіс.
- Ұсыныс мәтіні 500 сөзден артық болса ұсынысқа 500 сөзден аспайтын қысқаша мазмұны қосымшада берілуі тиіс. Ұсыныс Жалпы Отырыста оқылғанда осы қысқаша мазмұн негізге алынады.
- Ұсыныстың тақырыбы анық емес, кең және түрліше түсінілетін көпұшты болмауы тиіс.
- Ұсыныс “ТҰҰМ Төраға басқармасына” қаратылып жазылады.

3. Жалпы талқы ұсынысының өтетін рәсімі

Жалпы құжат тіркеуінен өткен жалпы талқы ұсынысы Заңдар мен жарлықтар басшылығына барады. Регламент аясында тексерілген ұсынысқа (8/...) тәрізді бір негізгі нөмір беріледі. Ұсыныс алғашқы қол қойған депутаттың аты мен тегі, сайлау округі және барлық қолтаңбалардың саны мен қысқаша мазмұны, негізгі нөмірі мен Төраға басқармасына келіп түскен күні мәліметтерімен келіп түскен құжаттар тізіміне алынады.

Жалпы Отырыста күнтәртібінің “Төраға басқармасының Жалпы Отырысқа ұсыныстары” бөлімінде оқылған ұсыныс жарияланған болады. 500 сөзден артық ұсыныстың қысқаша мазмұны оқылады. Ұсыныс ТҰҰМ күнтәртібінің “Жалпы талқылау және мәжіліс тексеруін бастауға қатысты алдын ала талқылау” бөлімінде Төраға басқармасына келіп түскен ретіне қарай орын алады.



4. Жалпы талқы ұсынысын алдын ала талқылау

Алдын ала талқылау дегеніміз бір жалпы талқы ұсынысы турасында жалпы талқы бастап бастамауға қатысты жасалған талқылау. Жалпы талқы ұсынысын алдын ала талқылау Жалпы Отырыста реті келгенде немесе Консультациялық кеңес не саяси партия фракциясының ұсынысымен Жалпы Отырыс шешімімен бекітілген күні жүзеге асады. Алдын ала талқылауда Үкімет, саяси партия фракциялары, ұсыныстағы бірінші қолдаңба иесі депутат не оның көрсеткен басқа қолтаңба иесі сөз алса болады. Алдын ала талқылауда депутаттардың жеке өз басы атынан сөйлеуге рұқсат етілмейді.

Алдын ала талқылауда сөз сөйлеу уақыты Үкімет пен саяси партия фракциялары үшін әр қайсысына 20 минуттан, ұсынысты берген депутат үшін 10 минут. Жалпы талқының жасалып жасалмауы алдын ала талқылаудың соңында дауыс беру арқылы шешіледі.

5. Жалпы Отырыста жалпы талқылаудың жүзеге асуы

Жалпы Отырыста жасалған алдын ала талқылауда жалпы талқыны бастауға шешім қабылданса, жалпы талқылау күні ерекше күнтәртібі болып Консультациялық кеңес тарапынан белгіленеді. Алайда жалпы талқылау күні шешім қабылданғаннан бастап 48 сағаттан бұрын және 7 тәуліктен кейін бола алмайды.

Жалпы талқылауда алғашқы сөзді жалпы талқы ұсынысындағы бірінші қолдаңба иесі депутат не оның көрсеткен қолтаңбасы бар басқа депутат алады. Одан басқа жалпы шешімдерге сәйкес Үкіметтің, саяси партия фракцияларының және жеке басы атынан екі депутаттың сөз алуына хұқығы бар. Жалпы талқылауда сөз сөйлеуге депутаттардың әрқайсысына 10 минут, Үкімет пен саяси партия фракциялардың әрқайсысына 20 минут уақыт беріледі.

Жалпы талқылаудан кейін қандай да бір шешім қабылдануы керек болмағандықтан қандай да бір дауысқа салу болмайды.

6. Жалпы талқы ұсынысының алынып тасталуы

Жалпы талқы ұсынысының – иелері тарапынан кері алынуы ТҰҰМ Төраға басқармасына осы жөнінде бір ұсыныс берумен жүзеге асады.

Жалпы талқы ұсынысына қол қойғандар әрқашан қолтаңбаларын кері ала алады. Қолтаңбалар кері алынғаннан кейін қолтаңба саны 20-дан кем дегенде, Мәжіліс Төраға басқармасы ұсыныста жеткілікті қолтаңба болмағандығына сүйеніп, ұсынысты рәсімдеуден алып тастайды.

Б.МӘЖІЛІС ТЕКСЕРУІ

1.Мәжіліс тексеруі

Мәжіліс тексеруі дегеніміз заң шығару органының бір мәселеде мағлұмат алу мақсатында өз құрамынан құрған ерекше бір комиссия арқылы жүзеге асыратын мағлұмат алу және тексеру жұмысы.

2. Мәжіліс тексеруін ұсынуға қажетті шарттар

- Мәжіліс тексеруі Үкімет, саяси партия фракциялары немесе ең аз дегенде 20 депутаттың жазбаша ұсынысымен басталады.
- Саяси партия фракциясы тарапынан берілген ұсыныста фракция басшысы және/немесе басшы орынбасарының аты, тегі, сайлау округі мен қолтаңбасы, 20 депутат тарапынан жасалған ұсыныста депутаттардың аты, тегі, сайлау округі мен қолтаңбалары болуы тиіс.
- Ұсыныс белгілі бір тақырыпта болуы тиіс. Ұсыныстың тақырыбы анық емес, кең және түрліше түсінілетін көпұшты болмауы тиіс.
- Ұсыныс мәтіні 500 сөзден артық болмауы тиіс. Егер артық болса, ұсынысқа 500 сөзден аспайтын қысқаша мазмұны қосымшада берілуі тиіс.
- Ұсыныстың тақырыбы сауда құпиялары мен мемлекет құпияларына қатысты болмауы тиіс.
- Ұсыныстың тақырыбы жалғасып жатқан сот ісі, сот юрисдикциясына байланысты болмауы тиіс.
- Ұсыныста дәрекі және жәбірлейтін сөзтіркестері болмауы тиіс.
- Ұсыныс “ТҰҰМ Төраға басқармасына” қаратылып жазылады.

3. Мәжіліс тексеруі ұсынысының өтетін рәсімі

Жалпы талқы ұсынысы жалпы құжат тіркеуінен өтіп Зандар мен жарлықтар басшылығына барады.

Конституция мен регламент шешімдері аясында тексерілген ұсынысқа (10/...) негізгі нөмір беріледі. Ұсыныс алғашқы қол қойған депутаттың аты мен тегі, сайлау округі және барлық қолтаңбалардың саны мен қысқаша мазмұны, негізгі нөмірі мен Төраға басқармасына келіп түскен күні мәліметтерімен келіп түскен құжаттар тізіміне алынады.

Ұсыныс Жалпы Отырыста күнтәртібінің “Төраға басқармасының Жалпы Отырысқа ұсыныстары” бөлімінде оқылып жарияланады және күнтәртібінің “Жалпы талқылау және мәжіліс тексеруін бастауға қатысты алдын ала талқылау” бөлімінде негізгі нөміріндегі ретіне қарай орын алады.

4. Мәжіліс тексеруі комиссиясының құрылуы және жұмысы

Мәжіліс тексеруі басталып басталмау мәселесі жалпы талқылау тәртібіне сәйкес жүзеге асады. Жалпы Отырыста жасалған талқылау соңында Мәжіліс тексеруінің басталып басталмайтындығы туралы қол көтеріп дауысқа салу арқылы шешім қабылданады.

Мәжіліс тексеруі басталуына шешім қабылданса, бір комиссия құрылады. Бұл комиссияның мүше саны, қызмет мерзімі және қажет болғанда Анкара сыртында жұмыс істеуі мәселелері Төраға басқармасының ұсынысымен дауысқа салынып, Жалпы Отырыс тарапынан бекітіледі. Комиссияда саяси партия фракциялары уәкілдік күштеріне сәйкес жасақталады.

Мәжіліс тексеру комиссиясы министрліктерден, басқа мемлекеттік органдардан, жергілікті органдардан, университеттерден, мемлекеттік экономикалық мекемелерден, ерекше хұқықпен немесе ерекше хұқықты құзыретке сүйене отырып құрылған банк және мекемелерден, мемлекеттік мекеме дәрежесіндегі кәсіптік мекеме мен қоғам игілігіне жұмыс атқаратын ұйымдардан мағлұмат сұрап осы жерлерде зерттеу жүргізіп, қатысты кісілерді шақырып мағлұмат сұрау құзыретіне ие.

Мәжіліс тексеру комиссиясы 3 ай қызмет жасайды. Комиссия жұмысын бітіре алмаған жағдайда Жалпы Отырыс тарапынан бір ай қосымша мерзім беріледі. Комиссия осы нақты белгіленген мерзімнің соңында да жұмысын аяқтай алмаған жағдайда 15 күннің ішінде зерттеудің аяқталмау себептері немесе сол уақытқа дейін жүргізілген зерттеу Жалпы Отырыста талқыланады. Жалпы Отырыс осы талқылауды жеткілікті деп санауы не жаңа комиссия құруы мүмкін.

Мәжіліс тексеру комиссиясы баяндамасында зерттелген мәселенің жағдайы, деңгейі, мәселенің туу себептері

мен алдын алу шаралары жанжақты сипатталады. Басып шығарылған баяндама таратылғаннан кейін жалпы талқылау басталады.

Жалпы Отырыстың баяндама жөніндегі талқылауында алғашқы сөз сөйлеу хұқығы Мәжіліс тексеруі ұсынысындағы бірінші қолдаңба иесі депутатқа не оның көрсеткен қолтаңбасы бар басқа депутатқа тән. Одан басқа комиссияның, Үкіметтің, саяси партия фракцияларының және жеке басы атынан екі депутаттың сөз алуына хұқығы бар. Сөз сөйлеу мерзімі жалпы ережеге сәйкес болады. Комиссия баяндамалары Тіркеу журналында жарияланып, интернетке қойылады.

В. МӘЖІЛІС ТЕРГЕУІ

1. Мәжіліс тергеуі

Мәжіліс тергеуі Премьер-министр немесе министрлердің қызметтері барысында және қызметтеріне қатысты жасаған қылмыстарына байланысты Конституциялық соттың Жорғарғы сот сипатымен істі қараудың бастауын қамтамасыз ететін және нақты заң шығару орны тарапынан жүзеге асатын сот ісін білдіреді.

2. Мәжіліс тергеуін ұсынуға қажетті шарттар

Мәжіліс тергеуінің басталуы үшін ТҰҰМ депутаттарының толық санының аз дегенде 1/10-нің (55) беретін ұсынысы қажет.


Ұсыныста Премьер-министр немесе қатысты министрлердің қызметтеріне байланысты қандай қылмыс жасағандары, бұл қылмыстардың қай заңға қайшы екендігі, бабы мен қажеттілігі көрсетіліп баянадалуы керек.

3. Мәжіліс тергеуі ұсынысының өтетін рәсімі

Мәжіліс тергеуі ұсынысы жалпы құжат тіркеуінен өтіп Жалпы Отырыста оқылады. Мәжіліс тергеуінің басталып басталмауы жөнінде ТҰҰМ Төраға басқармасына кірген күннен бастап 1 ай мерзім ішінде болған талқылау нәтижесінде ТҰҰМ Жалпы Отырысыныңда құпия дауыс берумен шешім қабылданады.

Бұл талқылауда алғашқы қолтаңба иесі немесе оның көрсеткен қолтаңбасы бар басқа үш депутат және Мәжіліс тергеуі басталуы талап етіліп отырған Премьер-министр немесе министрдің сөз сөйлеу хұқығы бар. Сөз сөйлеу мерзімі жалпы ережеге сәйкес болады.

Бұл жердегі дауыс беруде сандық басымдылық емес әдеттегі шешім қабылдауға қажетті сан жеткілікті болады.



4. Мәжіліс тергеуі комиссиясының құрылуы және жұмысы

Мәжіліс тергеуінің басталуына шешім қабылдан жағдайда, Мәжілістегі саяси партиялардың күштері қатынасында комиссияға ұсына алатын мүше санының үш есесіндегі кандидаттардың арасынан әр партия үшін бөлек жеребе тастау арқылы ортаға шығатын 15 депутат Мәжіліс тергеу комиссиясын құрайды.

Қылмыстық істер жүргізу кодексіне сәйкес соттардың істі қарауына немесе шешім қабылдауына кедергі боп саналатын жағдайларда болған және ұсыныста қолтаңбасы бар немесе осы мәселеде пікір айтқан депутаттар комиссияға мүше бола алмайды.

Жалпы Отырыс шешімімен құрылғаннан кейін Мәжіліс тергеу комиссиясының жасайтын алғашқы жиналысында төраға, төраға орынбасары, өкіл мен хатшы сайланады.

Мәжіліс тергеу комиссиясы баяндамасын құрылғаннан кейін 2 ай ішінде жасайды. Тергеу бітпей қалған жағдайда комиссияға тағы 2 айлық нақты мерзім беріледі.

Мәжіліс тергеу комиссиясы мүшелерінің толық санының басым көпшілігімен жиналады және жиналысқа қатыскандардың басым көпшілігімен шешім қабылдайды.

Комиссияның жұмысы құпия болып саналады. Тұрақты комиссиялардан ерекшелігі Мәжіліс тергеу комиссиясының жиналыстары мен жұмысына мүшесі болмаған депутаттар қатыса алмайды.

Мәжіліс тергеу комиссиясы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардан және жекеменшік ұйымдардан мәселеге

байланысты мағлұмат пен құжаттар талап ете алады; Қажетті деп тапса, тартып алып қоя алады; министрлер кабинетінің барлық каналдарын пайдаланады; Министрлер кабинеті мүшелерін, басқа қатысты тұлғаларды, куәгер мен мамандарды тыңдай алады. Комиссия регент арқылы немесе өкілеттік беру арқылы сот органдарынан көмек сұрай алады. Сонымен қатар, Қылмыстық істер жүргізу кодексінде куәгерлер, мамандар және тартып алу мен іздеуге қатысты сот органдарының еркіндіктерді шектейтін құзіретінің жалпы ережелер аясында қолданылуын, қажеттілігін баяндау арқылы жауапты сот органына өтініш білдіру арқылы талап ете алады.

Комиссия Мәжіліс терегуі бастатылып отырған Премьер-министр немесе министрдің қорғау баяндамасын тыңдайды. Осыған байланысты талап еткен барлық құжаттарын қамтамасыз етеді.

Комиссия қажет болғанда өзіне қарасты комиссиялар құрып Анкара сыртында жұмыс жүргізуге шешім қабылдай алады.

5. Мәжіліс тергеу комиссиясының баяндамасын талқылау және хұқықтық салдары

Мәжіліс тергеу комиссиясының баяндамасы Төраға басқармасына тапсырылғаннан бастап 10 күннің ішінде басылып шығып тергеу басталмақшы боп отырған Премьер-министр немесе министрге дереу жоданады және ТҰҰМ мүшелеріне тарқатылады. Баяндама депутаттарға таратылғаннан бастап 10 күн ішінде қарастырылады.

Мәжіліс тергеу комиссиясы тарапынан дайындалған баяндама Жоғарғы сотқа жолдау не жодамау жөнінде болуы мүмкін.

Комиссияның Жоғарғы сотқа жолдау жөніндегі баяндамалары мен Жалпы Отырыстың Жоғарғы сотқа жолдау шешімінде қандай қылмыстық негіздемеге сүйенгендігі көрсетіледі.

Комиссияның Жоғарғы сотқа жолдамау жөніндегі баяндамаларынан бас тарту тек Жоғарғы сотқа жолдауға байланысты және жолдау шешімін қандай қылмыстық негіздемеге сүйенгендігін көрсететін бір ұсыныс қабылдау арқылы мүмкін болады.

Мәжіліс тергеу комиссиясы баяндамасы талқыландықанда комиссияға, өз аттарынан сөз сұраған алты депутатқа және сол кезеңде қызметте болсын мейлі болмасын үстінен тергеу басталмақшы боп отырған Премьер-министр немесе министрге сөз беріледі. Соңғы сөз - үстінен тергеу басталмақшы боп отырған Премьер-министр немесе министрге тән және уақыты шектелмейді. ТҰҰМ Регламенті баяндама талқыланып жатқанда кімнің сөз алатынын белгілеумен бірге саяси партия фракциялары мен үкіметке сөз сөйлеуге рұқсат бермейді. Саяси партия фракцияларының бұл жағдайы – Конституциядағы шектемелердің нәтижесі.

Талқылау аяқталғаннан кейін комиссияның баяндамасын Жалпы Отырыс құпия түрде дауысқа салып шешім шығарады. Бұл дауысқа салуда депутаттардың толық санының басым көпшілігінің құпия даусы шешім қабылдайды.

ТҰҰМ Жоғарғы сотқа жолдау шешімін қабылдаса құжаттама ең кеш дегенде 7 күн ішінде Төраға басқармасы тарапынан мазмұны жасалып Конституциялық сот басшылығына жолданады.

ТҰҰМ-нің Жоғары сотқа жолдау шешімі соңғы шешім болып саналады және талқыға жатпайды.

Қызметін атқарып жатқан Премьер-министрдің Жоғарғы сотқа жолдау шешімімен бірге Үкіметтің қызметі ресми түрде аяқталған болады. Ал тергеу министр жөнінде болса, тек сол министрдің ғана қызметі тоқтайды.

Г. СҰРАУ САЛУ

1. Сұрау салу

Сұрау салу дегеніміз Министрлер кабинетінің жалпы саясатын немесе бір министрдің өз министрлігінде жүргізіп отырған саясатын Мәжілістің тексеру әдісі. Талқылау нәтижесінде ортаға шығатын сенімсіздік вотумын білдіру ұсынысы немесе Министрлер кабинетінің Үкіметке сенім білдіру туралы мәселені қойғаннан кейін Премьер-министрдің, бір министрдің не Үкіметтің қызметін тоқтатуға дейінгі баратын нәтижелерімен Үкіметті тұрасынан бақылаудың әсерлі құралы.


2. Сұрау салуды ұсынуға қажетті шарттар

- Сұрау салу ұсынысы бір саяси партия фракциясы атынан немесе ең аз дегенде 20 депутаттың қолтаңбасымен жүзеге жасалады. Ұсыныста депутаттың аты, тегі, сайлау округі мен қолтаңбасы болуы тиіс.
- Ұсыныстың мәтіні 500 сөзден аспауы керек. Ұсыныс мәтіні 500 сөзден артық болса ұсынысқа 500 сөзден аспайтын қысқаша мазмұны қосымшада берілуі тиіс. Ұсыныс Жалпы Отырыста оқылғанда осы қысқаша мазмұн негізге алынады.
- Ұсыныста дәрекі және жәбірлейтін сөзтіркестері болмауы тиіс.
- Ұсыныс “ТҰҰМ Төраға басқармасына” қаратылып жазылады.


3. Сұрау салу ұсынысын рәсімдеу және талқылау әдісі

Сұрау салу ұсынысы тапсырылғаннан бастап 3 күннің ішінде Төраға басқармасы тарапынан басылып шығып депутаттарға тарқатылады; тарқатылғаннан бастап 10 күннің ішінде күнтәртібіне алынып алынбайтындығы талқыланады. Осы талқылауда тек қана ұсыныс иелерінің бірі, саяси партия фракцияларының әрқайсысының атынан бір депутат, Министрлер кабинеті атынан Премьер-министр немесе бір министр сөз ала алады.

Күнтәртібіне алу шешімімен бірге сұрау салуды қарастыру күні де белгілі болады; алайда күнтәртібіне алу шешімін берген күннен 2 күн өтпейінше сұрау салуды қарастыруға рұқсат етілмейді және 7 күннен кейінге қалдырылмайды.



Сұрау салуды талқылап жатқанда депутаттар немесе фракциялар ұсынатын негізделген сенімсіздік вотумын білдіру ұсынысы немесе Министрлер кабинетінің сенім білдіру туралы мәселені қоюуы 1 толық күн өткеннен кейін дауысқа салынады. Дауысқа салуда тек сенімсіздік білдірген дауыстар ғана саналады және Министрлер кабинетінің немесе бір министрдің қызметін тоқтауына депутаттардың жалпы санының басым көпшілік даусы (276) керек.



V. ҚҰЖАТТАР

А. ПАРЛАМЕНТТІК ХҰҚЫҚТЫҢ БАСТАУЛАРЫ

Парламенттік хұқықтың бастаулары хұқықта жалпы қабылданған жіктеуге сәйкес негізгі бастаулар және қосымша бастаулар болып екіге бөлінеді.

Негізгі бастаулар

Парламенттік хұқықтың негізгі бастаулары Конституция, ТҰҰМ Регламенті және заңдардан тұрады.

а) Конституция

Мемлекеттік органдардың негізгі құрылымы мен жұмысын және адам хактары мен еркіндіктерін белгілейтін Конституция хұқықтық нормалар сатысының ең жоғарысында тұрады. Конституцияның ережелері заң шығару, атқару және сот органдарына, басқару мекемелеріне, басқа да ұйым мен жекелеген тұлғаларға міндетті негізгі хұқық ережелері болып саналады.

Түркия Республикасының Конституциясы 7 бөлімнен тұрады. “Республиканың негізгі органдары” атты 3 Бөлімде 75 пен 100-баптар ТҰҰМ-не байланысты реттеуге арналған. Конституцияның басқа да ТҰҰМ-не байланысты ережелері бар.

7.11.1982 жылы қабылданған Конституцияға бүгінге дейін 17 рет өзгеріс енгізілді.

б) ТҰҰМ Регламенті

ТҰҰМ-нің құрылымы мен қызметін реттейтін барлық ережелер белгіленген Регламент Мәжіліс Төраға басқармасы, Атқарушы кеңес, Консультациялық кеңес, комиссиялар мен Жалпы Отырыс секілді мекемелердің құрылымы мен қызметін реттеп, заң шығару барысы, бақылау әдістері мен Мәжілістің басқа да жұмыстарына қатысты ережелерді қамтиды.

Хұқықтық сипаты жағынан парламенттің шешімі болып есептелетін ТҰҰМ Регламенті Конституцияға негізделеді. Конституцияның 95-бабына сәйкес ТҰҰМ жұмысын өзі қабылдаған регламентке сай жүргізеді. Парламенттердің өз регламенттерін қабылдауы биліктің тармақтарға бөліну қағидасы жағынан әдістік тәуелсіздіктерінің қажеттілігі боп саналады.

Қолданыстағы ТҰҰМ Регламенті 186 баптан тұрады. 5.03.1973 жылы қабылданған Регламентке бүгінге дейін 13 рет өзгеріс енгізілді.

с) Заңдар

Парламенттік хұқықтың келесі бастауы заңдар боп есептеледі. ТҰҰМ депутаттары мен ТҰҰМ қызметі туралы басты заңдар мыналар:

- Адам хұқығын тексеру комиссиясы туралы заң,
- Еуропа Одағы сәйкестік комиссиясы туралы заңы,
- Әйел-еркек тең мүмкіншіліктер комиссиясы туралы заң,
- Өтініш білдіру хақын қолдану туралы заң,
- Мемлекеттік экономикалық кәсіпкерлік пен қорларды ТҰҰМ-нің бақылауы туралы заң,
- Мемлекет аралық келісім-шарттардың жасалуы, атқарылуы және жариялануы мен кейбір келісім-шарттардың жасалуы үшін Министрлер кабинетіне құзырет беру туралы заң,
- Даму жаспарларын іске асыру және тұтастығын қорғау туралы заң,
- ТҰҰМ депутаттары мен үйлеспейтін істер туралы заң,
- ТҰҰМ-нің сыртқы байланыстарын реттеу туралы заң,
- Мемлекеттік бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті туралы заң,
- Саяси партиялар туралы заң,
- Мәжіліс депутатын сайлау туралы заң,
- ТҰҰМ Бас хатшылығы мекемесі туралы заң,
- ТҰҰМ Төрағасы мен Кеңес мүшелерінің өкілдік өтемақы мен ТҰҰМ есептерін тексеру комиссиясы тарапынан сайланған тексеруші мүшеге өтелетін қаржы туралы заң,
- Премьер-министр мен министрлердің өкілдік өтемақылары мен сырттан тағайындалған министрдің өтемақы мен іссапар шығындары туралы заң,
- Мүлкін жариялау, жемқорлық пен сыбайластыққа қарсы күрес туралы заң,
- ТҰҰМ депутаттары өтемақы, іссапар шығындары мен зейнетақылары туралы заң,
- Радио мен теледидарлардың құрылымы мен тарату қызметтері туралы заң,
- Конституциялық соттың құрылымы мен іс жүргізу әдістері туралы заң.

Қосымша бастаулар

Парламенттік хұқықтың қосымша бастаулары қатарына Конституциялық соттың шешімдері, қалыптасқан тәжірибе мен доктриналар жатады.

а) Конституциялық соттың шешімдері

Конституциялық соттың шешімдерінің ұқсас жағдайларда міндетті ереже сипатына ие болумен қатар қосымша бастау ретінде зор маңызы бар. Конституциялық сот заңдардың, заң күшіне ие шешімдердің, және ТҰҰМ Регламентінің Конституцияға тұрпат және негіз тұрғысынан сәйкестігін тексереді және жеке өтініштерге шешім шығарады. Конституцияға өзгерістерді тек тұрпат тұрғысынан зерттеп, тексереді. Конституциялық сот сонымен қатар депутатқа ешкімнің тиіспеу хұқығының алынып тасталуы немесе депутат қызметінің тоқтатылу шешімдерінің Конституцияға, заңға немесе Регламентке қайшылығы тұжырымымен жоққа шығару арызына шешім шығарады. Конституциялық соттың бақылауына кірмейтін ТҰҰМ шешімдері мен жұмыстарын «жүзеге асқан Регламенттің ережесі» ретінде қарастырып, Конституцияға сәйкестігі тұрғысынан тексеретіндігін айта кету керек.

б) Қалыптасқан тәжірибелер

Айқын және міндетті хұқық ережесі болмаған жайғдайларда ұзақ уақыттан бері үнемі және жүйелі түрде қолданылып келе жатқан және көпшілік тарапынан қабылданған ережелерді қалыптасқан тәжірибелер деп атаймыз. Қалыптасқан тәжірибелер негізінен ымыраласудың жемісі.

с) Доктрина

Парламенттік хұқық саласында жазылған ғылыми еңбектер жол көрсетуші сипатымен қосымша бастаулар қатарына жатады.

Ә. 1908 Жылдан күнімізге дейінгі ХАТТАМАЛАР

ТҰҰМ ашылған 23 Сәуір 1920 жылдан бері алғашқы жиналыстан бүгінге шейін ТҰҰМ, Ұлт мәжілісі, Республика сенаты, Негіз қалаушы мәжіліс, Өкілдер мәжілісі, Ұлттық бірлік комитеті, Ұлттық қауіпсіздік кеңесі және Консультативтік мәжілістен тұратын Парламенттің барлық хаттамаларының басылып шыққан түпнұсқа беттерінің PDF нұсқаларына «кілт сөз, сайлау округі, депутаттың аты-жөні, тақырып, мәжілістің атауы, заң шығару сессиясы, заң шығару жылы, күндер аралығы» секілді мәліметтерді енгізу нәтижесінде қол жеткізуге болады.

1908 жыл мен 1920 жыл аралығында Аян Мәжілісі (MECLİS-İ AYAN) мен Мебусан Мәжілісінен (MECLİS-İ MEBUSAN) тұратын Османлы мәжілістері болған. Бұл мәжілістердің хаттамаларының басылып шыққан түпнұсқа беттерінің PDF нұсқаларына «кілт сөз, сайлау округі, депутаттың аты-жөні, тақырып, мәжілістің атауы, заң шығару сессиясы, заң шығару жылы, күндер аралығы» секілді мәліметтерді енгізу нәтижесінде қол жеткізуге болады.

Б. КІТАПХАНА

1. Кітапхананы пайдалану шарттары


Мәжіліс ішінде құрылған және қызмет көрсетуі парламенттің жұмстарына бағытталып жабдықталған Кітапхананың басты мақсаты – депутаттардың заң шығару, бақылау және өкіл ету міндеттерін орындау барысында қажет болатын құжаттар мен мағлұмат көздерін қамтамасыз ету, ұйымдастыру және белсенді түрде қызметке ұсыну. Кітапхананы төмендегі тізімдегі топтар пайдалана алады;

- ТҰҰМ депутаттары,
- ТҰҰМ сыртынан тағайындалған министрлер,
- ТҰҰМ бұрынғы депутаттары,
- ТҰҰМ кадры, келісіммен және уақытша жұмыс істейтін қызметкерлер,
- Депутат көмекшілері,
- ТҰҰМ Сақтау басшылығы,
- ТҰҰМ ішінде қызмет көрсететін басқа мекемелердің қызметкерлері,
- Парламент журналисттері қоғамына мүше баспасөз қызметкерлері,
- Мекемеге сырттан келген зерттеушілер.

ТҰҰМ сыртынан келіп мағлұмат талап еткен зерттеушілер -сұрау жасатылып отырған мағлұмат көздері мен талап етіліп отырған мағлұмат басқа кітапханаларда болмаған жағдайда-бір күндік қысқа мерзімдік зерттеулерде Кітапхана мен Архив қызметтері басшысының рұқсатымен, ал ұзақ мерзімдік зерттеулерде Кітапхана мен Архив қызметтері басшысының ұсынысынан кейін Кітапхана кеңесінің рұқсатымен Кітапхананы пайдалана алады. Бұл тұлғалардың кітапхананы пайдалану мерзімі ең ұзақ болғанда 30 күн. Бұл мерзім бір рет ғана ұзатылады. Энциклопедия, сөздік, атлас т.б. кеңесу жазбалары, мерзімдік басылым және

микрофильмдер мен жазулы және сейрек шығармалардан басқа жалпы қордағы шығармаларды қолданушыларға үйлеріне алуға рұқсат. ТҰҰМ ішінде қызмет көрсететін басқа мекемелердің қызметкерлері мен Парламент журналисттері қоғамына мүше баспасөз қызметкерлері бағынышты болған мекемелерінің өтініші арқылы кітаптарды үйлеріне ала алады. ТҰҰМ сыртынан келген зерттеушілер болса кітаптардан тек кітапхана ішінде пайдалана алады. 30 күндік үйге алу мерзімді кітапты басқа біреу талап етпеген болса, тағы да ұзатуға болады. Талап етілген жағдайда мерзім толмай тұрып кері қайтарылуы керек.

Мерзімі толған кітаптың иесіне қолындағы кітапты қайтармай жаңа кітап берілмейді. ТҰҰМ депутаттары, ТҰҰМ сыртынан тағайындалған министрлер мен ТҰҰМ бұрынғы депутаттары жаңа кітап алулары үшін Кітапхана кеңес басшысының рұқсаты керек. Микрофильм немесе электрондық көшірмесі бар мағлұмат көздері мен жазулы және сейрек шығармалардың түпнұсқаларын қызметке ұсыну Кітапхана мен Архив қызметтері басшысының рұқсатымен жүзеге асады.



VI. СЫРТҚЫ БАЙЛАНЫСТАР

А. СЫРТҚЫ БАЙЛАНЫСТАР

Күнімізде мәжілістердің сыртқы байланыстарындағы іс-шараларының бір жағынан саны артып жатқанда, енді бір жағынан сапасы да тереңдеуде. Халықаралық қатынастар алаңында парламенттік үдеріс пен әдістердің іске қосылуы, сонымен қатар халықаралық қатынастарда депутаттар мен мәжілістерге міндеттер берілуі парламенттік дипломатия деп аталады. Демократиялық хұқықтық мемлекеттерде дипломатияны дәстүрлі жолдармен жүргізу түсінігінен бас тартылып, дипломатия басқаша көзқараспен сарапталып, шетел қоғамындағы өзгеріс дұрыс түсініліп, қоғамды қалыптастыратын акторларға мәлімет берілу мен әсер ету іс-шараларының жиынтығын құрайтын қоғамдық дипломатия пайда болды. Осы шеңберде парламенттік дипломатия жұмсақ күш құралдарының бірі ретінде белсенді түрде қолданыла бастады.

Парламенттік дипломатияда тараптардың бірінін парламент болуы жеткілікті. Осы тұрғыдан, халықаралық парламенттер мәжілісі, аралас парламент комиссиялары, парламенттер арасындағы достық топтар, келісімшарттардың сәйкестігі, шетелге әскер жолдау, шетел әскерлерінің Түркияда орналасуына шешім қабылдау, Сыртқы істер комиссиясы, Еуропа Одағы сәйкестік комиссиясы, Әйел-еркек тең мүмкіншіліктер комиссиясы және Адам хұқығын тексеру комиссиясынан бастап комиссиялардың сыртқы байланыстары, Жалпы Отырыста сыртқы саясатқа байланысты жасалған талқылаулар, басқа елдердегі парламенттік сайлауларды бақылау іс-шаралары парламенттік дипломатияның құралдары болып саналады.

ТҰҰМ-нің соңғы он жылдағы сыртқы байланыстардағы іс-шаралары айтарлықтай көбейді. Мәжіліс төрағасы деңгейіндегі сапарлардан бастап түрлі дәрежеде көптеген іс-шаралар жүзеге асып жатыр. Бұған қоса, парламенттердің арасындағы байланыстардың дамып, бір бірімен пікір алмасып, стажировкалар мен алмасу бағдарламаларын ұйымдастыру мақсатында көптеген шетел парламенттермен ынтымақтастық протоколдарына қол қойылды.

ТҰҰМ-нің сыртқы байланыстарға қатысты негізгі іс-шаралары мынадай:

- ④ Түркия Республикасы мүше болған халықаралық ұйымдардан, мүше елдердің парламенттері өкіл ететін органдар шеңберінде жүргізілетін байланыстар,
- ④ Түркия Республикасы мен құрамында парламент мүшелерінен құралған органы бар халықаралық

ұйымның арасындағы келісім нәтижесінде қалыптасқан я да қалыптасатын аралас комиссия шеңберіндегі қатынастар,

- ⊕ Халықаралық келісіммен немесе мұндай келісім болмай-ақ құрылған я да құрылатын парламент одақтары шеңберіндегі қатынастар,
- ⊕ Шетел парламенттерінің бірі немесе бірнешеуімен өзара түсіністік негізінде құрылған достық топтарымен жүргізілген қатынастар,
- ⊕ Шетел парламенттерімен жасалатын өзара ресми сапарлар,
- ⊕ Шетел парламенттері, үкіметтер, халықаралық ұйым, кеңес пен мекемелердің парламент мүшелерінің қатысуымен ұйымдастыратын жиналыстары мен солардан ТҰҰМ-ің ұйымдастыратын жиналыстары,
- ⊕ Түркияның сыртқы саясатына байланысты мәселелерде шетелдерге жіберілетін арнаулы парламент делегацияларының іс-шаралары.

ТҰҰМ-нің сыртқы байланыстарға қатысты іс-шаралары 28/3/1990 жылғы және 3620 нөмірлі Түркия Ұлы Ұлттық Мәжілісінің сыртқы қатынастарын реттеу туралы заң аясында жүргізіледі. Осылайша 1 /12/2011 жылғы және 6253 нөмірлі Түркия Ұлы Ұлттық Мәжілісі Төрағалығы басқару комитеті заңы мен ТҰҰМ-нің және Басқару комитетінің халықаралық ұйымдармен қатынастарын және халықаралық шараларымен қатысты жұмысы мен қызметтерін жүргізу Сыртқы байланыстар және протоқол басшылығына тапсырылды.

Ә. ТҰҰМ ТӨРАҒАСЫНЫҢ РӨЛІ

Парламенттік дипломатия ең жоғары дәрежеде мәжіліс төрағалары тарапынан жүзеге асады. Осы орайда, ТҰҰМ-н ең жоғары дәрежеде өкілдік ететін ТҰҰМ Төрағасының әріптестерімен жасаған кездесулер, қабылдаған шетел делегациялары, қатысқан халықаралық жиналыстар, шетелге жасаған сапарлары мен кездесулері парламенттік дипломатияның маңызды бөлшегін қалыптастырады.

Баршаға аян болғанындай, ТҰҰМ Төрағасы мемлекеттік протоколда Ел Басытен кейінгі орында тұрғандықтан ТҰҰМ Төрағалары тарапынан жүзеге асқан сыртқы қатынастар өте маңызды боп саналады. Санымен қатар, Ел Басы шетел сапарына шыққанда, ТҰҰМ Төрағасы Ел Басы орынбасары сипатымен делегацияларды қабылдайды.

Әрбір кезеңде, ТҰҰМ Төрағалары ТҰҰМ-нің сыртқы қатынастарына ерекше мән береді. Әріптестерімен жасаған кездесулерінде ТҰҰМ Төрағалары екі ел арасындағы қатынастардың дамуына, даулы мәселелер бар болса,

олардың шешілуіне, халықаралық қоуымдастықты мазалаған мәселелерде үйлесімді әрекет жасау үшін көпжақты жиналыстардың ұйымдастырылуына, парламенттер арасындағы қатынастардың дамуына және әсіресе қол қойған ынтымақтасу протоколдары арқылы парламенттер арасындағы екі жақты барыс келіс және алмасу бағдарламаларын жүзеге асыруна айрықша үлес қосып отыр. Атқару органынан тәуелсіз орган ретінде заң шығару органы ТҰҰМ Төрағасының сыртқы қатынастары арқылы сыртқы саясаттың маңызды бөлшегін қалыптастырып отыр.

ТҰҰМ Төрағалары басқа парламенттердің төрағалары әріптестерінемен қатар елімізге сапар жасайтын Ел Басытермен де кездеседі, оған қоса, премьер-министрлер, елшілер және басқа түрлі шетел делегацияларын қабылдайды.

ТҰҰМ Төрағалары халықаралық мәселелер мен оқиғалар туралы пікірлерін білдіріп, баспасөзде де кең орын бөлінетін баяндамалар жасайды.

ТҰҰМ Төрағасы түрлі халықаралық ұйымдардың ішінде құрылған жәнeпарламент төрағаларынан құралатын конферециялар мен жиындарға қатысады. Соңғы уақытта бұндай жиындардың маңыздылығы артып, парламенттік дипломатияның маңызды құралдарының біріне айналды. ТҰҰМ Төрағасының қатысып жүрген конференция мен жиналыстар мыналар:

- 1) Еуропа Одағы Парламент Төрағалары Конференциясы
- 2) Еуропа Кеңесі Парламент Төрағалары Конференциясы
- 3) Ислам Ынтымақтастық Ұйымы Парламент одағы Конференциясы
- 4) G-20 Парламент Төрағалары ақылдасу жиналысы
- 5) Түркі тілдес елдердің парламенттік ассамблеясы парламент төрағалары конференциясы
- 6) Оңтүстік Шығыс Еуропа елдері ынтымақтасу барысы парламент төрағалары конференциясы
- 7) Парламент Төрағалары Әлем Конференциясы (Парламенттер арасындағы одақ тарапынан ұйымдастырылады.)

ТҰҰМ Төрағасы сонымен қатар Түркия-Еуропа аралас парламент комиссиясы, Қара теңіз Экономикалық Ынтымақтастық Парламенттік Ассамблеясы, Жерорта теңізі Парламенттік Ассамблеясы, НАТО Парламенттік Ассамблеясы, Парламенттер арасындағы одақ, ЕҚЫҰ Парламенттік Ассамблеясы секілді парламенттік ассамблеялар мен халықаралық ұйымдардың ТҰҰМ ұйысмадастырған Жалпы Отырыстарында немесе ТҰҰМ-нің төрағалығы кезінде ұйымдастырған жиналыстарында төрағалық жасап, баяндама жасайды.

Б. ДЕЛЕГАЦИЯЛАРДЫ ҚАБЫЛДАУ

ТҰҰМ Түркияның сыртқы саясаттағы маңыздылығы мен белсенділігінің артуымен бірге түрлі аймақтардан жыл сайын келетін көптеген шетел парламенттерінің делегацияларын қабылдауда. ТҰҰМ-нің ресми қонағы ретінде келетін делегациялар шетел парламент төрағаларынан бастап парламенттік достық топтарына дейінгі түрлі деңгейді қамтиды.

3620 нөмірлі Заңның 7-бабында ТҰҰМ-ке жасалатын ресми сапарлар реттелген. Соған сәйкес, ТҰҰМ шетел парламенттерін шақыруы Төрағалық кеңесінде қарастырылып, Жалпы Отырыста жарияланады.

В. ДЕЛЕГАЦИЯЛАР ЖОЛДАУ

Парламенттер арасындағы байланыстарға үлес қосу, халықаралық жиналыс, конференциялар мен семинарларға қатысу, саяси таныту шараларын жасау және халықаралық парламенттік жиындардың іс-шараларына қатысу мақсатында көптеген делегациялар шетелге жіберіледі.

ТҰҰМ өкілі болып шетелге шығатын делегациялар үшін негізгі және қосымша мүшелер саяси партия фракцияларының ішкі басқармасы тарапынан кандидат боп белгіленеді. Бұл кандидаттар ТҰҰМ Төраға басқармасының Жалпы Отырысқа ұсынуымен сайланған болады.

ТҰҰМ өкілі болып шетелге шығатын делегациялардағы саяси партия фракцияларының үлес саны ТҰҰМ Төраға басқармасы тарапынан саяси партия фракцияларының өкілеттік күші қатынасына сәйкес белгіленеді. Белгіленген сан мен үлеске үш күннің ішінде қарсылық білдіруге болады. Осы қарсылықтарға Төрағалық кеңесі нақты шешім шығарады. Бір саяси партия фракциясы басқа бір саяси партия фракциясы пайдасына өзінің үлесінен бас тарта алады. ТҰҰМ Төрағасы делегацияға басшылық жасайтын болса, Төраға мүшесі болған саяси партия фракциясының үлесі кемімейді.

Шетелге шығатын делегация мүшелері толық санының көпшілік даусымен делегация басшысын сайлайды. Делегация басшысы делегацияның өкілдік қызметін орнына келтіруі үшін шаралар жасайды. Сапардан кейін делегация басшысы делегацияның атқарған қызметі туралы ТҰҰМ Төрағасына баяндама жасайды.

Заңның 6-бабы бойынша, шетел парламенттері ТҰҰМ-іне шақыру жолдағанда, оған барып бармау мәселесіне шешім ТҰҰМ Жалпы Отырысында алынады және ТҰҰМ Төрағасы алынған шешімді дипломатиялық жолмен шақыру иесіне білдіреді.

Заңның 9-бабында конгрес пен конференциялар реттелген. Оған сәйкес, шетел парламенттері, үкіметтер, халықаралық ұйым, кеңес және мекемелердің парламент мүшелерінің қатысуымен реттеліп, ТҰҰМ-нің де бір делегация жолдауы талап етілген конгрес пен конференция секілді халықаралық жиындарға қатысып қатыспау мәселесіне ТҰҰМ Жалпы Отырысында шешім қабылданады және ТҰҰМ Төрағасы алынған шешімді дипломатиялық жолмен шақыру иесіне білдіреді. Аты –жөні көрсетіліп жасалған шақыруларда болса, саяси партия фракциясының үлестеріне сай болу шартымен және ТҰҰМ Төраға басқармасының оң пікірімен Жалпы Отырыстың мақұлдауымен делегация сайланған болады.

Заңның 10-бабы бойынша, Түркияның сыртқы саясатына қатысты мәселелерде ұлттық миссия мен мүдделердің қажеттілігі секілді танытылуы мен қолдауын қамтамасыз ету мақсатында шетел парламент мүшелерімен кездесу жасап, пікір қалыптастыру үшін ТҰҰМ тарапынан бір делегация жолдануын Сыртқы істер министрлігі қажет деп тапқан жағдайда ТҰҰМ Төрағалық кеңесінің пікірі мен ұсынысы бойынша Жалпы Отырыста шешім қабылданады.

3620 нөмірлі Заңға қосымша заңмен құрылған комиссиялардың заңдарында комиссия керек деп тапса, шетелде жұмыс істеуіне рұқсат беріледі. Комиссияның шешіміне сүйеніп, Адам хұқығын тексеру комиссиясы, Еуропа Одағы сәйкестік комиссиясы және Әйел-еркек тең мүмкіншіліктер комиссиясының делегациялары Төраға басқармасының мақұлдауымен шетелге шыға алады.

Сонымен қатар, халықаралық парламенттік мәжілістері Түркия делегациялары Жалпы Отырыста пен комитет жұмыстарына қатысу үшін шетелге шығады.

Делегациялар шетелге шықпай тұрып, үкіметтен қажетті мәлімет пен көмек алады.

Г. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ПАРЛАМЕНТТІК АССАМБЛЕЯЛАР ТҰРКИЯ ДЕЛЕГАЦИЯЛАРЫ

Мәжілістер — тек үкіметтің сыртқы саясатын талқылайтын қана жиналыстар емес, әлемдік мәселелерді талқылайтын, мәселелердің шешілуіне әдеттегі дипломатиялық шараларды толықтыратын рөл ойнайтын және бар тәжірибенің одан әрі байытатын мекемелер. Депутаттар — өз азаматтарына халықаралық оқиғалар мен қауіптер туралы мағлұмат берумен қатар басқа елдерде дағдарыс уақытында дәнекерлік жасайтын, шетел сайлауларын бақылаушы ретінде тексеру арқылы демократияның орнығуына үлес қосатын, халықаралық аренада пікірлерін білдіретін және шетел заң шығарушы органдары мен медиасымен хабарласып тұратын акторлар.

Халықаралық парламенттік ассамблеялар — халықаралық қатынастарда өздеріне тән ерекшелігі бар мекемелер. Бұл мекемелердің ерекшеліктерінің бірі — ұлттық парламенттен келетін делегациялардан құралған болуы, екіншісі — бұл делегациялардың сонымен қатар өз заң шығарушы органдарының мүшесі болуы. Бұл мекемелердің бар болуы, қызметі мен құрылымы өз регламентімен белгіленеді. Әлемдегі ең алғашқы парламенттік ассамблея 1881 жылы құрылған Парламенттер арасындағы одақ. Аймақтық интеграция мен саяси шешімдерді хұқықтық жағынан негіздеу талпынысы секілді факторлар осы парламенттік ассамблеяның құрылуына мұрындық болды. Алғашқы толқын II Дүние жүзілік соғыстан кейін, екінші толқын 1990 жылдарда болып көптеген халықаралық парламенттер ассамблеясы құрылды. 1950 жылдарда саны оннан аспайтын ассамблеялар осы күнде жүздеп саналады.

Халықаралық парламенттік ассамблеялар қабылдаған шешімдер мемлекеттер мен үкіметтерге міндетті емес. Сонымен қатар, әсіресе ортақтаса алынған кейбір шешімдер елдерге бағыт көрсете алады және кейбір жағдайларда шешімдер халықаралық келісімшарттардың мәтініне айналып міндетті жағдайға келе алады.

Саяси мәселелердің шешімінде бастама жасап белсенді рөл ойнау, баршаның қауіпсіздігін теңдей арттыру, мемлекеттер арасындағы диалогты дамыту, аймақтық ұйымдармен стратегиялық қатынастар құру, Түркияның халықаралық ұйымдардағы өкілдік дәрежесінің жоғарлату, мәдениеттер арасындағы өзара құрмет пен үйлесімдікті қолдау және аймақтық экономикалық ынтымақтастықты жоғарғы деңгейге көтеру, әрі бейбітшілік пен тұрақтылықтың жаю жағынан айрықша көңіл бөліп бөліп отырған ТҰҰМ бүгінгі таңда он парламенттік ассамблеяға қатысуда.

ТҰҰМ-не өкілдік жасайтын парламент мүшелерінің саны ассамблеяның регламенте көрсетіледі. Бұған қарамастан, халықаралық парламенттік ассамблеяларда ТҰҰМ-не өкілдік жасайтын депутаттардың саны 3620 нөмірлі Заңға және саяси партия фракция жарғысы үкімдеріне сай кандидат көрсете алады. Осы орайда халықаралық парламенттік ассамблея Түркия делегациясына қатысатын депутаттар саяси партия фракцияларының үлес күшіне сай өкілдік жасайды. Саяси партия фракцияларының кандидаттары ТҰҰМ Төраға басқармасы тарапынан Жалпы Отырысқа ұсынылуымен сайланған боп саналады.

Түркия делегацияларының қызмет мерзімі – ТҰҰМ-нің жұмыс кезеңі болып саналатын Төрағалық кеңесі қызмет мерзімі. Бірінші және екінші кезең әрқайсысы екі жылдық мерзімді қамтиды.

Халықаралық парламенттік ассамблеялар бір жылда ең аз дегенде бір рет Жалпы Отырыс ретінде, бір рет комитеттер ретінде бас қосады. Ассамблеяларда бұлардан басқа да жиналыстар жасалуы мүмкін.

ТҰҰМ атынан халықаралық жиындарға қатысатын депутаттардың француз тілін не ағылшын тілін немесе бара жатқан жиындарында қолданылатын тілдердің біреуін жақсы дәрежеде білулері ерек.

Халықаралық парламенттік ассамблея Түркия делегациялары Түркия Республикасы мүше болған халықаралық ұйымдардан, мүше елдердің парламенттері өкілдік жасайтын органдар және халықаралық келісіммен немесе ондай келісімсіз құрылған я да құрылатын парламент одақтары шеңберінде қызмет етеді. ТҰҰМ-нің бір халықаралық парламенттік ассамблеясы мүшелігі ТҰҰМ Төрағасы ұсынысымен Жалпы Отырыста алынатын шешіммен жүзеге асады.

ТҰҰМ қатысып отырған халықаралық парламенттік мәжілістер Түркия делегациялары мыналар:

- 1) Жерорта теңізі Парламенттік Ассамблеясы (AKDENİZPA)
- 2) Азия Парламенттік Ассамблеясы (ASYAPA)
- 3) Жерорта теңізі үшін Одақ Парламенттік Ассамблеясы (AİBPA)
- 4) Еуропадағы Қауіпсіздік және Ынтымақтастық Ұйымы Парламенттік Ассамблеясы (AGİTPA)
- 5) Еуропа Кеңесі Парламенттік Ассамблеясы (AKPM)
- 6) Ислам Ынтымақтастық Ұйымы Парламенттік Одағы (İSİPAB)
- 7) Қара теңіз Экономикалық Ынтымақтастық Парламенттік Ассамблеясы (KEİPA)
- 8) Солтүстік Атланттық Келісімшарт Ұйымы Парламенттік Ассамблеясы (NATOPA)
- 9) Парламенттер арасындағы одақ (PAB)
- 10) Түркі тілдес елдер Парламенттік Ассамблеясы (TÜRKPA)

Ғ. ЕУРОПА ОДАҒЫМЕН ҚАТЫНАСТАР

Еліміз 1958 жылы құрылған Еуропа Экономикалық Қауымдастығына (ЕЭҚ) толық қанды мүше болу мақсатында 1959 жылдың Шілдесінде өтініш білдірді. Сол кезеңде толық қанды мүше шарттары жетілгенше жарамды болатын серіктестік келісіміне қол қою ұсынылып, 12 Қыркүйек 1963 жылы Анкара келісіміне қол қойылды.

10-11 Желтоқсан 1999 жылы Хельсинки саммитінде еліміздің Еуропа Одағы (ЕУ) толық қанды мүшелігіне үміткерлігі

мақұлдануы, 16-17 Желтоқсан 2004 жылы Брюссельде болған Еуропа Одағы мемлекет және үкімен басшыларының саммитінде толыққанды мүше болуға келіссөздерді 3 Қазан 2005 жылы бастау шешімімен Түркия-ЕО қатынастары түрленіп, көбейді және осы барыста ТҰҰМ де маңызды акторлардың біріне айналды.

Анкара келісімінің 27-бабына сәйкес, 27 Шілде 1965 жылғы Түркия – Еуропа Экономикалық Қауымдастық Серіктестік Кеңесі шешіміне сүйеніп, Түркия – Еуропа Одағы Аралас Парламенттік Комиссиясы құрылды. Комиссияның міндеті Түркияның ЕО-на ену үдерісімен қатысты мәселелерді қарастыру және ТҰҰМ мен Еуропа Парламенті арасындағы байланыстарды дамыту.

Түркияның ЕО-на ену үдерісімен қатысты өзгерістерді бақылау және келіссөздер жүргізу, ЕО-ндағы оқиғаларды сараптау және осы өзгерістер туралы ТҰҰМ-н хабардар ету, ЕУ мекемелері мен басқа мүше және үміткер елдер парламенттерімен және ЕУ комиссияларымен қатынас ұстау мақсатында 2003 жылы ТҰҰМ ЕО Сәйкестік комиссиясы құрылды.

ТҰҰМ ЕО мүше елдер және үміткер елдердің ЕО істері комиссияларының мүшелерімен Еуропа Парламенті өкілдерінің басын қосатын, пікір алмасуды қамдайтын және ортақ мәселелердің талқылануы жағынан парламенттер арасындағы ынтымақтастықты дамытудың маңызды басқосуы ретінде қызмет ететін COSAC жиналыстарына 2003 жылдан бері қатысуда.

ТҰҰМ, ЕО ұлттық парламент төрағалары және бас хатшылары жиналыстарына және ЕО төрағалықтарының мүше және үміткер парламенттерінің араулы комиссияларының басын қосуға бағытталған төрағалық жиналыстарына ТҰҰМ-нің қатысты комиссиялары қатысуда.

ТҰҰМ, ЕО мен ынтымақтаса отырып, институциялық әлеуетін күшейтуге бағытталған жобалар жасауға, ЕО Комиссиясы кеңею бас басқармасы Техникалық көмек мәлімет алмасу бөлімімен (TAIEX) ортақ семинарлар мен жұмыс сапарларын ұйымдастыруға, осылайша келіссөздер барысында ЕО хұқықтық құрылымына және органдарына сәйкесуге талпынуда.

ЕО Парламенттер арасындағы мағлұмат алмасу (IPEX) бағдарламасы шеңберінде ТҰҰМ-нің ЕО-на қатысты іс-шаралары ЕО елдеріне тұрақты түрде жеткізілуде.

ЕО келермен бағдарламасы шеңберінде Еуропа Парламентін және ЕО мекемелерін танытатын машықтану бағдарламаларына ТҰҰМ қызметкерлерінің қатысуы қамтамасыз етілуде.

ТҰҰМ-нің ЕО-мен байланыстары;

1. Еуропа Одағы сәйкестік комиссиясы,
2. Түркия–Еуропа Одағы аралас парламенттік комиссиясы арқылы жүргізілуде.

Д. ПАРЛАМЕНТТЕР АРАСЫНДАҒЫ ДОСТЫҚ ТОПТАР

Парламенттер арасындағы байланыс пен ынтымақтасуды дамытуды қамтамасыз ететін құралдардың біреуі – парламенттер арасындағы достық топтар. Парламенттер арасындағы достық топтар негізінен;

- 1) Мемлекеттер мен парламенттер арасындағы жақындасу мен ынтымақтасудың дамуы,
- 2) Ынтымақтасу мен елдердің бірін бірі тануы үшін ресми сапарлардың ұйымдастырылуы,
- 3) Өзара пікір алмасуды қолдау,
- 4) мемлекеттердің арасындағы достықтың дамуына үлес қосу

мақсатында құрылады.

Парламенттер арасындағы достық топтар үкіметтің пікірін алғаннан кейін ТҰҰМ-нің шешімімен құрылады және ТҰҰМ-нің барлық мүшелеріне ашық болады. Бір парламенттер арасындағы достық топ ең аз дегенде он депутаттың өтінішімен құрылады.

Парламенттер арасындағы достық топтар жарғыларын өздері жасайды. Парламенттер арасындағы достық топ жарғысы;

- 1) Парламенттер арасындағы достық топ басқарма кеңесінде және шетелге жіберілетін өкіл делегацияларда саяси партиялардың әділетті түрде орын алуы,
- 2) Бір депутаттың бірден артық парламенттер арасындағы достық топ басқармасында орын алмауын,
- 3) Шетелге жіберілетін өкіл делегациялардың тек басқарма кеңесі мүшелерімен шектелмеуін қарастыратын үкімдердің болуын

қамтамасыз ететіндей боп жазылады.

Парламенттер арасындағы достық топтардың шетелмен байланысы ТҰҰМ-нің мақұлдауымен және өзара келісу негізіне сай реттеліп жүргізіледі. ТҰҰМ Төрағасы шетелге шығатын делегацияларға қатысты саяси партия фракциясының пікірін алып, парламенттер арасындағы достық топ басшысын қосуы мүмкін. Бұл жағдайда, достық топ басшысының мүшесі болған саяси партия фракциясына айрылған саннан бір кісі азайтылады.

Парламенттер арасындағы достық топтың іс-шаралары шеңберінде шетелге шығатын депутаттардың шет тілін білу шарт емес.

Соңғы жылдарда Түркияның сыртқы саясатта артып бара жатқан белсенділігіне сай парламенттер арасындағы достық топтардың саны да айтарлықтай артты. 1990 жылдарда

елуден аспайтын парламенттер арасындағы достық топтар соңғы кезде жүзден асты. Кестеде заң шығару кезеңіне қарай Парламенттер арасындағы достық топтардың саны көрсетілген

Заң шығару кезеңі	Жылдар	Парламенттер арасындағы достық топтардың саны
17	1983-1987	29
18	1987-1991	29
19	1991-1995	31
20	1995-1999	44
21	1999-2002	69
22	2002-2007	82
23	2007-2011	106
24	2011-201?	120

Парламенттер арасындағы достық топтың басшылары негізінен қатысты елдің елшісімен жолығады. Ел Басының, премьер-министрдің және министрлердің қатысты елге жасаған ресми сапарларына қосылады.

Е. АТҚАРУШЫ ОРГАННЫҢ ШЕТЕЛМЕН БАЙЛАНЫСТАРЫНА ҚАТЫСУ

Конституцияның 82-бабының екінші тармағында ТҰҰМ депутаттары атқарушы органның ұсынысы, білдіруі, тағайындауы немесе бекітуімен ресми немесе жеке қызметке жауапты бола алмайтындығы және бір депутаттың белгілі бір мәселеде және алты айды аспайтын мерзімде Министрлер кабинеті тарапынан берілетін тапсырманы қабылдауы Мәжілістің шешімімен жүзеге астаны көрсетілген.

Атқарушы органның шетел байланыстарына қатысу 3620 нөмірлі Заңның 8-бабында реттелген. Оған сәйкес, Ел Басы, Премьер-министр және министрлердің шетелде жүзеге асыратын сапар, кездесу және жиналыстарына ТҰҰМ-де фракциясы бар саяси партияның депутаттары Жалпы Отырыстың шешімімен қатыса алады.

Қолданыстағы тәжірибеде де депутаттар Ел Басы, Премьер-министр және министрлердің шетелге сапарларына қатысуда.

Ж. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖИНАЛЫСТАР

ТҰҰМ жылда көптеген халықаралық жиындарды ұйымдастырады. Бұл жиындардың ішінде әсіресе халықаралық парламенттік мәжілістердің жиналыстары маңызды боп саналады. Сондай-ақ ТҰҰМ ғимараттарында халықаралық жиындарды ұйымдастыруға болады. Ол үшін ТҰҰМ Төрағалық кеңесінің рұқсаты керек.

ТҰҰМ ұйымдастырған халықаралық жиындардың кейбіреулері мыналар:

Қара теңіз Экономикалық Ұнтымақтастық Парламенттік Ассамблеясының (KEİPA) Жалпы Отырысы (1-5 Қараша 2010 жыл, Трабзон)

Жерорта теңізі Парламенттік Ассамблеясының (AKDENİZ-PA) Жалпы Отырысы (23- 25 Қазан 2009 жыл, Ыстанбұл)

Ислам Ұнтымақтастық Ұйымы Парламенттік Одағының (İSİPAВ) Жалпы Отырысы (8-13 Сәуір 2006 жыл, Ыстанбұл)

Солтүстік Атланттық Келісімшарт Ұйымы Парламенттік Ассамблеясының (NATOPA) Жалпы Отырысы (19-22 Қараша 2002 жыл, Ыстанбұл)

Парламенттер арасындағы одақтың (PAB) Жалпы Отырысы (15-19 Сәуір 1996 жыл, Ыстанбұл)

3. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖОБАЛАР

ТҰҰМ шетел және халықаралық ұйымдармен, әсіресе Еуропа Одағымен ынтымақтаса отырып жобалар жүзеге асыруда. Жобалар негізінен заң шығару, тексеру және бюджет барысымен байланысты болып, парламенттер арасындағы қатынастарды дамытуға және өзара тәжірибе алмасуға бағытталады. Осы орайда Еуропа Одағына үміткер ел ретінде қаржылай көмектерден игеру мақсатында маңызды жобалар жүргізілуде.

ТҰҰМ-нің жүргізген және әлі де жүргізіп отырған жобалардың кейбіреулері мыналар:

а) ТҰҰМ-нің интитуциялық әлеуетін күшейту

Жоба 1 Қазан 2007 жыл - 1 Қазан 2008 жыл арасында жүргізілді. Жоба аясында Еуропа Одағы мен хұқықтық тәртібі, Еуропа Одағы сәйкестік комиссиясының рөлін күшейту, комиссиялардың белсенділігін арттыру, заң шығару шарасын күшейту және мемлекеттік емес ұйымдармен ынтымақтастықты дамыту мәселелерінде жүз депутат пен үш жүз елу қызметкер Түркияда және шетелде білім алды.

b) Парламенттер арасындағы алмасу мен диалог

Жоба 16 Қаңтар 2012 жыл -16 Қаңтар 2014 жыл арасында жүргізіледі. Жобаның мақсаты – халық өкілдерінің басын қосып, Еуропа Одағындағы Түркия жөніндегі алаңдаушылықтар мен қате түсініктерді жою және Түркия тұрғысынан қолдау азайып бара жатқан Еуропа Одағына толық хұқықты мүше болу туралы қарсы тараптың пікірлерін тыңдау мүмкіншілігін беру. Осы шеңберде, түрік және шетел депутаттарының қатысатын алты конференция, үш диалог форум, екі жаздық лагерь ұйымдастырылып, жиырма жеті елден және Түркиядан саясаткерлер өзара алмасып, Түркия мен Еуропа Одағы елдерінде алмасу бағдарламаларына қатысады және Еуропа Одағы іс-шараларын насихаттайтын журнал шығару жоспарланып отыр.

VII. TBMM TV - ТҰҰМ ТЕЛЕКАНАЛЫ

A. TBMM TV ТУРАЛЫ

TBMM TV Түрік радио және теледидар каналы TRT 3 пен Интернет (www.tbmmtv.gov.tr) арқылы 1994 жылдан бері қызмет көрсетіп келеді. Басқару жағынан, Түркия Ұлы Ұлттық Мәжілісінің құрылымдық мекемесі ретінде ТҰҰМ бас хатшылығына бағынады.

Объективті және сенімді ақпарат қажеттілігі – азаматтық қоғамның өзгермейтін және басты шарттарының бірі.

Осы орайда, Мәжіліс теледидарының жұмыс істеуі қоғамдық өрісті жоғарлатудың, белсенді азаматтықты қолдаудың, саяси жүйенің атқарылуында әділдікті қамтамасыз ететін ақпаратты таратудың және институтиялық шешім қабылдау орталықтарын бақылаудың құралы халіне келеді.


Мәжіліс теледидары табиғаты мен қызметіне қарай құрылуының негізгі себебі парламент жұмысын жазып алу болып саналатын мекеме.

TBMM TV-нің басты мақсаттарының бірі – түрік қоғамына әсер ететін маңызды шешімдерге байланысты парламент жұмысын халыққа көрсету.

B. БЕЙНЕФИЛЬМ АРХИВИ

Бейнефильм архиві 1994 жыл мен 2012 жылдың Қаңтар айы арасындағы кезеңде Мәжіліс телеканалында көрсетілген бағдарламаларды қамтиды. Олар – халыққа ашық комиссия жиналыстары, ТҰҰМ-ндегі маңызды оқиғалар және Мәжілістің жұмысы туралы студияда жасалған бағдарламалар.

- **Осы қызмет көрсетуге байланысты техникалық жәрдем:**
tv@tbmm.gov.tr
- **Архив бейнефильмдері үшін өтініш білдіру:**
tv@tbmm.gov.tr
- **немесе +90 312 420 78 28**



А. ЗАҢ ШЫҒАРУ КІТАПШАСЫ

ТҰҰМ-нің институциялық құрылымы мен заң шығару және тексеру барысын түсіндіретін Заң шығару кітапшасы баста депутаттарға және Парламент жұмысы мен заң шығару барысына қызығатын көпшілікке анықтама ретінде дайындалған. Кітапша бес бөлімге бөлініп, 112 сұрақ пен жауаптан тұрады. Тақырыптар мүмкін болғанынша қысқа және анық түрде баяндалған, ұсыныс жасау мысалдары да берілген.

Ә. ДЕПУТАТ АНЫҚТАМА КІТАПШАСЫ

Депутат анықтама кітапшасы заң шығару кезеңінің басында депутатқа жол көрсетіп жәрдем ету үшін дайындалған. Анықтама кітапшада жаңа сессия басталғанда, депутаттың беруге тиіс құжаттары мен жасайтын жұмысы, депутаттарға ұсынылған мүмкіншіліктер, ТҰҰМ Төраға басқармасы, ТҰҰМ Басқару комитеті және ТҰҰМ кампусы туралы жалпы мағлұмат берілген.

Б. ТҰҰМ РЕГЛАМЕНТІ ӨЗГЕРІСТЕР, ШАРТТАР, ПРОТОҚОЛДАР

Конституцияның 95-бабына сәйкес, Түркия Ұлы Ұлттық Мәжілісі өз жұмысын жасаған регламентін үкімдеріне сай жүргізеді. Осы күні күшіндегі 5.3.1973 жылы және 584 нөмірлі регламентке бүгінге шейін кейбіреуі өте кең ауқымды 17 өзгеріс енгізілген. Осы кітапшада 584 нөмірлі алғашқы регламент шешімімен осы регламентке енгізілген 16 өзгеріске қатысты мәліметтер, өзгеріс ұсыныстары мен қажеттіліктері, Конституциялық соттың баяндамалары, Жалпы Отырыс протоколдары беріліп, қолдануға оңай болуы мақсатында бүгінгі регламент баптары негізге алынып, индекстелген.

В. ТҰҰМ ҚҰРЫЛЫМЫ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТІМЕН ҚАТЫСТЫ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ СОТ ШЕШІМДЕРІ

Конституцияның 148-бабына сәйкес, Конституциялық сот заң мен заң күші бар шешімдерге қоса Түркия Ұлы Ұлттық Мәжілісі регламентін тұрпаты мен негізі жағынан Конституцияға сәйкестігін тексереді. Сот кейде «әрекеттегі регламент ережесі» атайтын регламенттің қолданылуын

да регламент өзгерісі деп санап тексереді. Осы кітапшада Конституциялық соттың құрылғаннан күнімізге дейінгі өткен кезеңде әрі ТҰҰМ жұмыс әдісіне, әрі депутаттарға қатысты барлық шешімдер (95 дана) зерттеліп, индекстеліп берілген.

Г. ТҰҰМ ЖАЛПЫ ОТЫРЫСЫНДА ӘДІС ТУРАЛЫ ТАЛҚЫЛАУЛАР

Түркия Ұлы Ұлттық Мәжілісі өз жұмысын жасаған регламентін үкімдеріне сай жүргізеді. Алайда, регламентке қарағанда кейбір мәселелерде үкім болмағаны, кейбір баптардың айтарлықтай анық еместігі байқалады. Осы секілді жағдайларда Жалпы отырыста не істеу керектігін айқындаудың ең маңызды құралы әдіс туралы болған талқылаулар. Осы кітапшада Түркия Ұлы Ұлттық Мәжілісі регламентінің күшіне енген 1 Қыркүйек 1973 жылдан бастап осы жұмыстардың аяқталған 1 Қазан 2010 жылға дейінгі Жалпы Отырыста жасалған 241 әдіс туралы талқылауларға қатысты протоколдар индекстеліп ұсынылған.

Ғ. ЗАҢ ШЫҒАРУ СИМПОЗИУМЫ


17 Қаңтар 2011 жылы Заң шығару Симпозиумы ұйымдастырылып, заң шығарудың барлық сатылары талқыға салынды. Симпозиумда сапалы заң шығару барысына қол жеткізу үшін қандай кедергілердің бар екені, заң жобаларының министрліктерде дайындалу кезеңінен бастап, Ел Басы басқармасы тарапынан жарияланғанға дейінгі барлық сатылар егжей тегжейлі қарастырылды. Осы мақсатта заң шығару органының атынан ТҰҰМ Төрағасы Мехмет Али Шахин мен атқарушы орган атынан Премьер-министр орынбасары Жәмил Чичек (осы күні Мәжәләс төрағасы) заң шығару барысында кездесетін мәселелерді анықтайтын сөз сөйледі. Артынша министрліктерден, тәуелсіз ұйымдасрдан, ТҰҰМ-нен және Президент басқармасынан қатысқан өкілдер сөз алып, өз тұрғыларынан жолығатын мәселелерді айтып, шешу жолдарын ұсынды. Мәжілістегі барлық саяси партия фракциялары сөз сөйлеп, өз көзқарастарымен мәселеге тоталды. Осы кітапшада симпозиумда жасалған барлық сөздердің мәтіндері берілген.

Д. МӘЖІЛІС БЮЛЛЕТЕНІ

Мәжіліс бюллетені — Жалпы Отырыс, ТҰҰМ Төрағасы, Төраға кеңесі, комиссиялар, депутаттар және Бас хатшылықтың хабарландыру сипатындағы барлық іс-шаралары мен заң шығару мен тексеру жұмыстарына қатысты мақалалар мен ақпараттың жарияланатын Түркия Ұлы Ұлттық Мәжілісінің айлық хабар бюллетені.

Е. МӘЖІЛІС ХАБАР

Мәжіліс Хабар бетімен Жалпы Отырыс, ТҰҰМ Төрағасы, Төраға кеңесі, комиссиялар, депутаттар және Бас хатшылықтың хабарландыру сипатындағы барлық іс-шаралары, баспасөз мәлімдемелері мен заң шығару мен тексеру жұмыстары күнделікті және жүйелі түрде Интернет арқылы халыққа жарияланады.



IX. БАЙЛАНЫС


Алмыла ХАКИМ Аудармашы

Сырткы Істер және Протокол Бөлімі

Телефон : +90 312 420 5148

Факс : +90 312 420 6756

Е-пошта : majilis@tbmm.gov.tr



ISBN: 978-975-8805-35-8